



ПРЕЗИДЕНТ



БІЛІМ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Болашақ – білімді жастардың қолында, ал олардың бағытын ұстаздар айқындайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі Тамыз конференциясында педагогтер қауымының ел дамуына қосқан үлесін жоғары бағалап, олардың мәртебесін көтеру мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған нақты шараларды жариялады. Білім мен тәрбие сапасын арттыру, цифрлық технология мен жасанды интеллектіні енгізу, жастарды адал әрі еңбекқор азамат ретінде тәрбиелеу – алдағы жылдардың басты міндеті болмақ.

Президент дәстүрлі Тамыз конференциясының ашылуымен құттықтай келе, бұл жиын өскелең ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру мәселесіне арналған өте маңызды басқосу екенін атап өтті, сондай-ақ ұстаздар қауымына өлшеусіз еңбегі үшін алғыс айтты.

— Ұстаз – ұлттың шамшырағы. Сіздер күнделікті қажырлы еңбектеріңіз арқылы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін сеуіп, озық ойлы ұлт тәрбиелеп жүрсіздер. Халқымыздың зияткерлік қуатын арттыруға белсене атсалысып жатсыздар. Бүгін мен еліміздегі ұстаздар қауымына шынайы ризашылығымды білдіремін! Шын мәнінде, мұғалімдер мемлекеттік маңызы бар жұмысты атқарып жатыр. Ыбырай Алтынсарин «Жаксы оқытушыны бөрінен де қымбат көремін» деген. Елдің ертеңі мұғалімдерге тікелей байланысты. Сондықтан ұстаздың қоғамдағы орны бөрінен биік болуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

ҰСТАЗДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қ.Тоқаев өз сөзінде ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін нақты реформаларды қолға алғанын, мемлекеттік қызметте меритократия қағидаты басты орынға шыққанын, заңды сыйлау, тәртіпке бағыну қоғамның мызғымас қағидасына айнала бастағанын, бір сөзбен айтқанда, Қазақстан жаңа сипатты ел болу жолына бет бұр-

ғанын атап өтті. Осы өзгерістерді бір-жола орнықтыру жолында ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктелетінін жеткізді.

Президенттің айтуынша, соңғы жылдары бұл бағытта ауқымды жұмыс атқарылуда. 2019 жылдан бері білім саласының бюджеті үш есе артты. Осы уақытта 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жалпы саны 217 мектеп құрылысы жоспарланды. Қазір 128 мектеп салынды. Бұдан бөлек, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаржысына алпыстан астам мектеп ашылды, тағы 30-ға жуығы салынып жатыр.


— «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы белгіленді. Бүгінде 74 мұғалім осы құрметті атаққа ие болды. Былтыр екі ұстаз «Қазақстанның Еңбек Ері» атанды. Бұл — барша педагогтер қауымына көрсетілген зор құрметтің белгісі.

Мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту — әрдайым басты назарда. Соңғы төрт жылдың ішінде олардың жалақысы 2 есе өсті. Қазір 500 мыңнан астам ұстазға үстеме ақы төленеді. «Білім берудегі өзгерістердің мың көшбасшысы» жобасы қолға алынды. Осы жобаға қатысқан 332 маман мектеп директоры болып тағайындалды. Мұғалімдер өз міндетіне кірмейтін артық жұмыстан босатылды, — деді Қ.Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Премьер-министр Нарендра Модиге құттықтау жеделхатын жолдады.



— Бұл күн үнді халқының мызғымас рухы мен мемлекеттік құрылыс, экономикалық даму және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жолындағы тамаша жетістіктерін көрсетеді, — деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Үндістан арасындағы қарым-қатынас сипатын оң бағалап, екі елдің стратегиялық серіктестігі алдағы уақытта да нығая беретініне сенім білдірді.

НЫСАНА КӨЗДЕУ КЕШЕНДЕРІ БАЗАСЫН ЖАҢҒЫРТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Халықаралық нысана көздеу федерациясы (ISSF) және Нысана көздеуден Азия конфедерациясының (ASC) жетекшілерін қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық нысана көздеу федерациясының президенті Лучано Россимен және Нысана көздеуден Азия конфедерациясының президенті шейх Салман Сабах әл-Салем ас-Сабахпен кездесуде ынтымақтастық перспективасын талқылады.

Мемлекет басшысы халықаралық федерациялардың атқаратын миссиясына және ұйым

басшыларының аталған спорт түрін танымал етуге қосқан жеке үлесіне жоғары баға берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз спорттың нысана көздеу түрлерін дамытуға бұрыннан ерекше мән беретінін атап өтті. Президент алдағы уақытта нысана көздеу және стенд ату спортын дамытуға дайын екенін жеткізіп, шетелдік серіктестермен ықпалдастықты кеңейту үшін

қажетті шаралар қабылдайтынын айтты.

ISSF пен ASC жетекшілері осы спорт түрін дамытуға айрықша назар аударғаны үшін Қазақстан Президентіне ризашылықтарын білдірді.

Әңгімелесу барысында еліміздегі нысана көздеу кешендерінің материалдық-техникалық базасын жаңғырту, спортшыларды даярлаудың заманауи әдістемесін енгізу, сондай-ақ жастармен, балалар және жасөспірімдердің спорт клубтарымен жұмыс бағдарламасын кеңейту мәселелері қарастырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Лучано Росси мен Салман Сабах әл-Салем ас-Сабахты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫ: КӨРШІҢЕ ҚАРАП «КӨСІЛ»



ТАЙЛАНДТАҒЫ ТАРТЫСТЫ ТЕКЕТИРЕС



БАҒДАР

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБЕ

ӨҢІРЛІК ДАМУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



Парламент Мәжілісі депутаттары өңірлерді аралап, жергілікті өндіріс орындарымен, құрылыс жұмыстарымен танысып, тұрғындармен өзекті мәселелер жайлы талқылау ұйымдастыруда.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерболат Сатыбалдин Ұлытау облысында «Жезқазған – Қызылорда» тасжолының жағдайымен танысты. Аймақта «Қызылорда – Жезқазған» автожолының 200 шақырымнан астам бөлігі реконструкциядан өтуде. Жұмыс барлық учаскеде жүріп жатыр. Кейбір учаскелерде уақытша айналма жолдар арқылы қозғалыс ашылды, жаңа жолдың алғашқы шақырымдары төселуде, су өткізгіш құбырлар мен көпір тіректері орнатылуда. Шымтезек, битум және басқа да құрылыс материалдары Қазақстандағы қарьерлер мен зауыттардан жеткізілуде. Депутат жөнделіп жатқан жолдардың

сапасы мәселесін жеке бақылауына алып, мердігерлерге жұмыс қарқынын жеделдету қажет екенін айтты.

Жетісу облысына жұмыс сапары аясында Мәжіліс депутаты Азат Перуашев жақында Талды-қорғанда ашылған ASMA Industrial заманауи өндірістік аккумулятор зауытын аралап көрді. Кәсіпорында электр техникасы, энергетика, телекоммуникация, жанартылатын энергия көздерінде электр қуатын жинақтау үшін пайдаланылатын аккумуляторлар өндіріледі. Кәсіпорында аралау барысында депутат шикізат жеткізу, салық салу және басқа да бірқатар мәселеге назар аударды.

Сондай-ақ Мәжіліс депутаты Наурыз Сайлаубай Қапшағайдағы №6 жағажайда жұмыс істейтін кәсіпкерлермен кездесті. Басқосуда жағалау аумағын абаттандыру, инфрақұрылымды жаңғырту және бизнестің мүддесін қорғау мәселелері талқыланды. Басқосуда кәсіпкерлер инженерлік коммуникациялардың жоқтығы, кешенді абаттандырудың қажеттілігі мен әкімшілік шектеулер сияқты бірқатар мәселеге назар аударды.

Шымкент қаласында жолкөлік инфрақұрылымын жаңғырту аясында Момынов көшесінде теміржол үстінен жаңа автокөлік өткелі салынып жатыр. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Болатбек Нажметдинұлы құрылыс барысымен танысып, бұл жоба қаладағы қозғалысты жеңілдетіп қана қоймай, кептелістерді азайтып, жол қауіпсіздігін арттыратынын атап өтті. Жоба аясында төрт жолақты өткелде жаяу жүргіншілерге арналған жол және бағдарламдар орнатылады. Құрылыс 2024 жылғы қарашада басталды, қазір нысанның 50 пайызы дайын. Мердігер ұйымның мәліметінше, жұмыс жоспарға сәйкес жүріп жатыр. «Шымкент – еліміздегі ең қарқынды дамып келе жатқан қала. Оның жол желісі жанартуды қажет етеді. Жол өткелі «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатыр және бұл – біздің сайлаушыларға берген нақты уә-

делеріміздің бірі. Мен осы жобаның бағдарламаға енуіне бастамашы болып, қаржы бөлінуіне ықпал еттім. Қазір нысанның құрылысы сәтті іске асуда, оны жеке өзін бақылауда ұстаймын, – деді Болатбек Нажметдинұлы.

Ал Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Самат Мұсабаев Жанаөзен қаласына барды. Мұнда депутат газ өңдеу зауытының құрылысымен танысты. Жоба құны 216,8 млрд теңгені құрайды. Құрылыс-монтаж жұмысы биыл 3 наурызда басталды. Жаңа нысанның қуаты жылына 900 миллион текше

ған газ тапшылығын жояды. Нысан құрылысы талапқа сай салынып, белгіленген мерзімде аяқталуға тиіс. Бұл жұмыс ұдайы біздің бақылауымызда болады», – деді депутат Самат Мұсабаев.

Алматыда Мәжіліс депутаты Кенжеғұл Сейтжан зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада өткен параспортты дамыту мәселелеріне арналған дөңгелек үстелге қатысты. Депутат Кенжеғұл Сейтжан өз сөзінде спорттың, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар үшін, ерекше шабыт беретінін атап өтті.



метр табиғи және ілеспегаз өндіруге қауқарлы. Бұл – еліміз үшін аса маңызды стратегиялық нысан. Жобаны 2027 жылға дейін жүзеге асыру жоспарланып отыр. «Жанаөзен қаласында жұмыс істеп тұрған ескі Қазақ газ өңдеу зауыты сонау 1973 жылы ашылған еді. Өндіріс қуатын арттыру мақсатымен салынып жатқан жаңа зауыт сұйытыл-

талқылау барысында параспорт түрлерін жастар арасында танымал ету, жарыстарды ұйымдастырудағы инфрақұрылымды жақсарту, халықаралық тәжірибе алмасу, қаржыландыруды ұлғайту және қоғамда параспортты насихаттау мәселелері көтерілді.

Мейір ЖАСЫН

ЖАҢА ТҮЗЕТУЛЕР – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға енгізілген жаңа түзетулер көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаруды жеңілдетуге, басқарушы субъектілердің жұмысының ашықтығын арттыруға және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған. Қарағанды қаласына арнайы сапармен келген Парламент Мәжілісінің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы Екатерина Смышляева «AMANAT» партиясының ғимаратына жиналған жұртшылыққа бұл заңның Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленіп, азаматтардың нақты сұранысын ескергенін айтып өтті.

Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

– Арнайы осы заң туралы халықты таныстыру үшін алғашқы сапарымызды Қарағанды қаласынан бастадық. Негізі, заңның екі негізгі міндеті бар. Біріншісі – көпқабатты үйдің тұрғындарына өз үйін қалай басқару керектігін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, екіншісі – пәтер иелері кооперативтерінің құқықтық режимін реттеу. 2023 жылы бұл институт сақталатын болып шешіліп қойған, алайда оның құқықтық мәртебесі әлі де айқындалмаған еді. Іс жүзінде бұл – бұрынғы қателіктерді түзету және тұрғын үй қорын басқарудың қазіргі тәжірибесіне

реттеуші базаны сәйкестендіру, – деді Екатерина Смышляева.

Оның айтуынша, біріншіден, тұрғын үй инспекциясы секілді әкімшілік ресурстар адамдарды өз үйінің шаруашылығын басқаруға қатысуға немесе қандай да бір басқару формасын тіркеуге мәжбүрлей алмайды. Адамдарды белсенді болуға күшпен итермелеу дұрыс емес. Бұл мақсатта онсыз да шектеулі мемлекеттік қызметкерлер ресурсын босқа жұмсаудың қажеті жоқ.

– Екіншіден, біз, көпқабатты үй тұрғындары, меншігіміз болғанын қалаймыз, бірақ оны басқаруға қатысқымыз келмейді. Бұл тұрмыстық нигилизмнің түрлі себебі бар. Кей жағдайда тұрғын үй қорын қандай күйде және қандай тәртіппен басқаруға алғаны-



мыз да әсер етеді. Кейде көп жыл бойы бір үйде бірнеше басқару түрінің болуы мен кейбір басшылардың теріс әрекеттері тұрғындардың белсенділігін төмендетіп тастаған болып шығады.

Сондай-ақ субъективті себептер де бар – басқару ісіне қатысуға ниеттің болмауы, бәрі өздігінен шешіледі деген үміт, уақыттың, басқару дағдыларының жоқтығы. Тұрғындардың өз үйін басқару ісіне қатысу ниетін қалыптастыру үшін біз, заң шығарушылар мен реттеушілер, оны жеңіл, ерікті әрі түсінікті етуіміз керек. Осы мақсатта заңда цифрлық шешімдерді енгізу шаралары қолға алынып,

шешім қабылдау рәсімдері қайта қаралды, бюрократиялық тетіктер жеңілдетілді. Ендігі жерде барлық басқарушы субъекті тұрғындарға электрондық дауыс беруге мүмкіндік жасап, үйді цифрлық жүйелер арқылы басқаруды қолжетімді етуге міндетті болады, – деді депутат.

Сонымен қатар жиында «Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту және жаңғырту орталығы» басқарма төрағасының кеңесшісі Марғұлан Әбдікәрімов болса:

– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты тұрақты дамыту, энергетикалық және коммунал-

дық секторларды жаңғырту мақсатында Қазақстанда көппәтерлі тұрғын үйлерді (КПТУ) басқарудың жаңа тетігі қабылданып, енгізілді. Көппәтерлі үйлердегі басқару субъектілері маңызды функцияны атқарады, осылайша бұл – КТЖ мүлкінің меншік иелері алдындағы жауапкершілікті арттыру қажеттілігі. Бүгінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен кондоминиум объектілерін басқарудың басқарушы компания және пәтер иелерінің кооперативі (және тұрғын емес үй-жайлар) деген субъектілері анықталды. Екі нысан да қолданыстағы және тең құқықты тетіктер, олар тұрғындарға үйдің нақты жағдайларына, оны ұстау бойынша қаржылық мүмкіндіктерге және тұрғындардың объектілерді басқару кезінде тартылған ұйымдардың техникалық пайдалану қағидаларын және қаржылық тәртіпті сақтауына бағытталған іс-шараларға қатысуға дайындығына байланысты басқарудың неғұрлым қолайлы моделін таңдауға мүмкіндік береді, – деп түсіндіріп өтті.

Сапар барысында спикерлер заңнамаға енгізілген жаңа түзетулер уақыт талабы екенін айта келе пәтер иелері кооперативі басшыларының сұрақтарына жауап берді.

ҚОҒАМ

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Елде жанар-жағармай бағасы көтеріліп жатыр. Жыл басында АИ-92 маркалы бензиннің 1 литрі шамамен 205-208 теңге тұрса, қазір 223-225 теңгеден сатылады. Биылғы ақпанда дизельді отынның литрі 295 теңгеге бұлданса, бүгінде ол үшін 319 теңгеден көп ақша сұралады. Бұған не себеп? Энергетика министрлігі биыл ЖЖМ тапшылығы жоғын, керісінше, оның өндірісі күрт артқанын хабарлады. Бүкіл әлемде мұнай бағасы керісінше, төмендеп кетті.

Елдос СЕНБАЙ

ІШКІ НАРЫҚ – БАСЫМДЫҚТА

Жалпы, мұнай өнімдерінің бағасы жыл басынан бері жүгенсіз, еркіне жіберілген екен. Ведомство мамандары жанар-жағармай бағасының өсуінің басты себептерін атады. Бұл нарықты ырықсыздандырумен, басқаша айтқанда, бағаларды «еркін айналымға» жіберумен, сондай-ақ көрші елдермен арадағы баға айырмашылығын жою қажеттілігімен байланысты көрінеді.

Себебі есепке алынған 2025 жылғы ақпан айында ең танымал АИ-92 маркалы бензиннің 1 литрінің Қазақстандағы бағасы 205-208 теңгені құраса, Ресейде ол біздің ұлттық валютаға шаққанда — 300 теңгеге, Қырғызстанда — 404 теңгеге, Өзбекстанда 490 теңгеге жетіпті. Көршілермен арадағы айырмашылық сол кездің өзінде 285 теңгені құраған. Мұндай жағдайда Қазақстанда бензиннің қымбаттауын болдырмау мүмкін бе еді? Министрлік сарапшылары: «Жоқ!» деп үзілді-кесілді жауап қатты. Әрине, бюджеттен субсидиялауға болатын еді. Алайда бюджет тапшылығы тарихи рекордқа жеткен шақта оған ел қазынасынан енді артық қаржы табу қиын.

Сарапшылардың пайымдауынша, жыл басынан бері Қазақстан бұрынғы бағаларды сақтап қалғанда, онда отандық мұнай өңдеу зауыттары тек ішкі нарыққа емес, сондай-ақ Ресейдің, Қырғызстанның және Өзбекстанның көліктеріне де жұмыс істеуіне тура келетін еді.

Сондықтан ел Үкіметі келесі жолды таңдады: баға байыппен, біртіндеп, еркіне жіберіледі, мемлекет қарқынды қымбатшылықтың өршуіне жол бермеуге тырысады. Өніммен қамтуда ішкі нарық басымдықта болады, қанша жерден мол табыс әкелсе де, экспорт шектеледі.

Осыған орай 2025 жылғы 13 наурызда, Үкіметте Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шұғыл отырысы өткен-тін.

Жиындағы талқылау қорытындысы бойынша ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді назарға ала отырып, Қазақстан аумағынан



Елдар ҚАБА (қалам)

ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫ: КӨРШІҢЕ ҚАРАП «КӨСІЛ»

бензинді, дизель отынын, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін автомобиль және теміржол көлігімен әкетуге тыйым салуды ұзарту туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, ел шекарасынан әрі ұзап шығатын көліктерге машинаның төл бағынан басқа құтыларға осы аталған өнімдерді құйып алуға жол берілмейді.

Қалай болғанда, республика ішкі нарығындағы бағаларын көршілердегі бағалармен бірте-бірте теңестіруге бет алды. Мұнда бір гөп бар: іргедегі елдердің нарығы бір орнында тұрған жоқ, бағалары одан әрі аспандап барады. РБК хабарлауынша, АИ-95 бензині тарихи рекорд орнатып, бұрынсоңды болмаған межеге жетті: бағасы 1 тоннасы үшін алғаш рет 80 мың рубльден асты. Рекорд осымен бесінші күн қатарынан жанарған. Бұған қарсыласының ресейлік МӨЗ-дерге шабуыл жасап, бірінен соң бірінен шығаруы ықпал еткен.

Соның салдарынан солтүстік көршіде АИ-92-нің 1 литрінің құны кеше 60 рубльден (ҚР Ұлттық банкінің ресми бағамы бойынша шамамен 408 теңгеден) асып кетті. Бұл Астанадағы ЖЖС-тардағы бағадан 1,8 есе жоғары. Жалпы, GlobalPetrolPrices дерегіне, 2025 жылғы 4 тамыздағы жағдай бойынша әлемде АИ-92-нің орташа бағасы шамамен 1,28 долларды құрайды. Бұл 700 теңгеге барабар. Ендеше Қазақстандағы жанар-жағармай бағасының өсер өрісі әлі кең көрінеді.

ЗАУЫТТАР ЖАНҒЫРТЫЛАДЫ

«Бензин бағасына алаңдауды тек «Бентлите» ауысып отырғаннан кейін қойдым!» деген зілді әзіл бар. Мұндай сән-салтанатты көлік алуды жұрттың бәрінің қалтасы көтермейді. Бай-бақуаттылар әр литрінің 100 теңгеге дейін қымбаттауын сезіне қоймас, ал бұл жайт қарапайым халықтың әлеуметтік көңіл күйіне тікелей әсер етеді. Өйткені жанар-жағармай қымбаттаса, ол тізбек бойынша көлік тасымалының, азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлардың бағаларының күрт көтерілуіне серпін береді. Жылу, жарық, су мен газ алпауыттары да коммуналдық қызметтерінің тарифін өсіргенде елде ЖЖМ бағасының жоғарылағанын негіз ететіні белгілі.

Бұл салада баға тез қарқынмен басқа шауып, төске өрлеп кетпеуі үшін ел Үкіметі нарық заңын пайдаланбақ. Атап айтқанда, ішкі нарықты мұнай өнімдерімен молықтыру арқылы оның бағасының шектен тыс көтерілуінің алдын алуға ниетті. Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Склярдың мәліметі бойынша Қазақстан Шымкент МӨЗ-ін кеңейте отырып, ЖЖМ өндірісін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Ол Қазақстанда жылына 85-90 миллион тонна мұнай өндірілетінін еске салды. Оның бәрі шетелге шикізат күйінде сатылмай, өңделсе, ел ұшан-теңіз ЖЖМ-нің астында қалар еді. Алайда өндірілетін қара алтынның шағын бөлігі ғана өңделеді. Сондықтан бірінші вице-премьер нарықтағы сұраныстың МӨЗ-дердің ұсынысынан асып түсетініне екпін түсірді.

Бұл мәселені шешу үшін бұрыннан шаралар қабылданып жатқаны алға тартылды. Мәселен, 2017-2019 жылдар аралығында қазақстандық барлық 3 мұнай өңдеу зауытына реконструкциялау жүргізілді, бұл өндіріс көлемін едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Және 2019 жылдан кейін бұрын жылда туындайтын бензин, дизельдің өткір тапшылығын біршама азайтты.

Сонымен қатар Үкімет басшылығы өкілінің тұжырымдауынша, көрші елдермен салыстырғанда Қазақстанда бензин мен дизель отынының арзан болуы олардың заңды жолдармен, сондай-ақ контрабандамен де сыртқа кетуіне әкеліп соғады, бұл ішкі тапшылықты тудырады.

— Біз ішкі бағаларды сыртқымен біртіндеп теңестіретін боламыз, сол арқылы арзан ЖЖМ-нің шетелге кетуін болдырмаймыз. Өзімізде өндірісті кеңейту жоспарына келсек, Шымкент мұнай өңдеу зауытының екінші кезегін салу жоспарланып отыр. Бұл Шымкенттегі мұнай өңдеу көлемін 6 миллионнан 12 миллион тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұған қоса, Павлодар және Атырау зауыттарына қатысты өнімділікті

арттыру бағытындағы іс-шаралар бар, — деді Роман Скляр.

Ал энергетика ведомствосының дерегіне, Қазақстанда өндірілген қара алтынның шамамен 20,4%-ы ел ішінде өңделеді: «2024 жылдың қорытындысында республикада 87,7 млн тонна мұнай өндірілді. Мұнда 2024 жылғы жоспар 97,1%-ға ғана орындалды. Осы мұнайдың 17,9 млн тоннасы өңделді. Бұл жоспар толық орындалды. Бір жыл ішінде 14,5 млн тонна мұнай өнімдері өндірілді. Бұл жоспардағыдан 102,1% артық», — деп нақтылады Энергетика министрлігі.

Тарата айтқанда, 2024 жылы мұнай өнімдерінің 5 түрінің жалпы өндірісі 14,5 млн тоннаға жетті. Соның ішінде автобензин — 5,46 млн тонна, дизель отыны — 5,38 млн тонна, мазут — 1,99 млн тонна, авиакеросин — 750 мың тонна, битум — 920 мың тонна. Биылғы көрсеткіштер бұдан да жоғары. Яғни, ЖЖМ тапшылығына негіз жоқтай.

Мұның сыртында Энергетика министрлігі қара алтынды өңдеу көлемін әрі қарай арттырып жатыр. Оның 2025 жылға арналған жоспарына сәйкес, биыл 14,6 млн тонна мұнай өнімдері өндірілмек. Бағаның көтерілуі күзгі жиынтерімге кесір келтірмеуі үшін энергетика ведомствосы 2025 жылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді 850 мың тоннадан астам дизель отынымен қамтамасыз етуді жоспарлады.

ӨНДІРІС ТЕ, БАҒА ДА ӨСТІ...

Серпінді қымбатшылыққа тосқауыл қою шаралары қабылдануға тиіс. Ішкі нарықты молықтыру үшін министрлік, «ҚазМұнайГаз» және қытайлық CNPC (МӨЗ қожайыны) арасында Шымкент мұнай өңдеу зауытының екінші кезегін салу жобасы бойынша негіздемелік келісімге қол қойылған. ШМӨЗ 2 жылдық жөндеу аралық цикліне көшірілді.

Сондай-ақ жоғарыда айтылғандай, Еуразиялық одақ елдерін қоспағанда, Қазақстаннан тыс

жерге жанар-жағармай әкетуге тыйым салатын бұйрықтың мерзімі ұзартылған. Атырау мұнай өңдеу зауытын кеңейту жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін және жобалау-сметалық құжаттамасын, Павлодар мұнай-химия зауытын кеңейту жобасының алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу қолға алынған.

2025 жылдың бірінші жартысының қорытындысы бойынша Қазақстанның бүкіл 3 ірі мұнай өңдеу зауыты жалпы көлемі 8,83 миллион тонна мұнай өңделді. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 685 мың тоннаға артық. Мұны «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы хабарлады.

— Жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісі 6,84 миллион тонна болды, былтырғыға қарағанда мұндағы өсім — 893 мың тонна (4,44%). Өңдеудің жиынтық тереңдігі 89,61%-ға, жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемі 77,53%-ға жетті. Технологиялық отынның шығыны 7 333 тоннаға (0,78%) азайды. Атырау МӨЗ 2,89 млн тоннаны өңдеді және мұнай өңдеу тарифін тоннасына 47 мың теңгеге дейін арзандатты. Павлодар МХЗ өңдеу тереңдігі бойынша ең жоғары көрсеткішке жетті — 91,81%. Шымкент МӨЗ ең үлкен көлемді — 3,07 млн тонна мұнайды өңдеп, жеңіл мұнай өнімдерін шығару көрсеткіші бойынша 81,72%-ды қамтамасыз етті, — деп мәлімет берді ұлттық компанияның баспасөз қызметі.

Былтырғы жылдың сәйкес мерзіміне қарағанда моторлық отынды шығару көлемі бірден 16,3%-ға, дизельде 16,9%-ға өсті. Салыстырар болсақ, бір жыл бұрын моторлық отын өндірісі керісінше 4,7%-ға, дизельді отын 1%-ға төмендеген болатын. Соған қарамастан былтыр бензин де, дизель де әлдеқайда арзан тұрды.

Қазақстан өз тарихында ешқашан бір жылда 6,84 миллион тонна жеңіл мұнай өнімдерін өндіріп көрген емес. Бірақ бұл тарихи рекорд «темір тұлпар» иелеріне қуаныш сыйлаған жоқ. Мысалы, он жыл бұрын, 2015 жылы республикада бірінші жартыжылдықта небәрі 3,6 миллион тонна өнім (2,2 миллион дизель, 1,4 миллион тонна бензин) жасай алды. Әйткенмен, сол 2015 жылы АИ-92 бензинінің 1 литрі шамамен 105 теңге, дизель шамамен 90 теңге ғана тұрыпты. Содан бері небәрі 10 жыл ішінде бағалар екі еседен астамға өсіп шыға келді.

Тек бір жыл ішіндегі қымбатшылықтың өзі қорқынышты: 2024 жылғы шілдеде жанар-жағармай құю стансаларындағы АИ-92 маркалы бензиннің 1 литрінің бағасы — 202 теңге, АИ-95 пен АИ-96 — 253 теңге, АИ-98 — 292 теңге, дизельді отын 293 теңге болған.

Биылғы ақпаннан бастап ЖЖМ бағасы ырықсыздандырылды. Салдарынан бүгінде жанар-жағармай құю стансаларында АИ-92 бағасы — 223-225 теңге, АИ-95 пен АИ-96 — 270 теңге, АИ-98 — 310 теңге, дизельді отын 319 теңгеден асты. Бұл қымбатшылықтың шегі де, соны да емесін шенеу-ніктер ашық айтады.

«Енерджипром» агенттігі Энергетика министрлігіне сілтеме жасап, күзде елдің отын тапшылығына душар болуы мүмкін екенін ескертті. ЖЖМ-нің қымбаттауы жыл соңында да жалғасатын көрінеді. Бағаны тоқтату бойынша енді жауапты шенеу-ніктердің жоспары да, ниеті де жоқ. Мұның соңы неге соқтыратынын өмір көрсетеді.

«ТӘТТИ ТҮТІН» ТҮБІҢЕ ЖЕТПЕСІН

Елімізде вейпке тыйым салынғанына қарамастан, көлеңкелі айналымға тосқауыл болмай тұр. Енді вейп бұрынғыдай дүкен сөрелерінде тұрмаса да, мессенджерлер арқылы саудаға түсетін болған. Заңсыз топтар вейпті сатып алушыларға жеткізу үшін курьер қызметін қолданады. Таяуда ғана Алматыда осындай тәсілмен Telegram арқылы вейп саудалаған топ әшкереленді. Бұл көлеңкелі нарыққа қатысты шаһардағы алғашқы жағдай емес.

А **Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**
Алматы қаласы

Былтыр маусым айында елімізде вейптер мен темекі өнімдерін сатуға және жарнамалауға тыйым салатын заң ресми түрде күшіне енген еді. Ал биыл қабылданған заңға түзетулер енгізіліп, ереже қатандатылды. Бұл дегеніміз, енді вейпті сақтап, тасымалдайтындар да жауапқа тартылады.

Зерттеулерге сүйенсек, биыл әлемде электронды сигареттер мен вейптер нарығы 45,03 миллиард АҚШ долларына бағаланған. Ал 2024 жылы жаһандық нарық көлемі 36,41 миллиард АҚШ доллардан асса, орташа жылдық өсім қарқыны 29,6%-дан

ғанда қауіпсіз» деген пікір орнығып алған. Алайда медицина саласының өкілдері бұл пікірмен келіспейді. Пульмонолог дәрігер Аурини Серікова сұйықтықтың құрамында ішкі ағзаның жұмысына кері әсер ететін қауіпті заттар бар екенін айтады.

— Вейптің кәдімгі темекіден қауіпсіз екенін дәлелдейтін ғылыми негіз жоқ. Себебі қазір вейптің қауіпсіздігі туралы ірі әрі тәуелсіз ғылыми зерттеулер жүргізілмеген. Вейп сұйықтығының құрамына никотин, пропиленгликоль, глицерин және хош иістендіргіштер кіреді. Кәдімгі темекі сияқты вейп те



агенттігі тыйым салынған электрондық тұтыну жүйелерінің (вейп), дәмқосқыштар мен арнайы сұйықтықтардың заңсыз айналымына қарсы ірі операция жүргізген еді. Тексеру нәтижесінде, Telegram-ға ESCOBAR OPTOM атауымен тіркеліп, желіде заңсыз саудамен айналысқан топтың жолы кесілді. Өкініштісі сол, тәркіленген өнімдер көбіне кәмелет жасына толмаған балалар арасында кеңінен таралған. Сондай-ақ тінту кезінде 150 мыңнан астам вейп тәркіленіпті.

— Жастардың тыныс алу жүйесі бүкіл ағзаның қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді. Барлық ағза мен тіндерге оттегіні жеткізеді, гомеостазды сақтайды. Бронхтар мен өкпеге әртүрлі себеппен, соның ішінде темекі шегу мен вейп қолданудан зақым келген жағдайда өкпенің желдетілуі мен газ алмасу процесі бұзылады. Бұл енгіту, тез шаршау, физикалық белсенділікке нашар төзімділік сияқты белгілерге әкеледі. Жас ұлғайған сайын қарт адамдарда өкпенің серпімділігі төмендейді, тыныс алу бұлшықеттері әлсірейді, кеуде қуысы мен диафрагманың қозғалысы азаяды. Қарттар вирустық инфекция мен пневмонияға көбірек бейім келеді, — деді А.Серікова.

Ресейлік ғалымдар вейпке сынақ жүргізудің нәтижесінде, оның құрамында 62% — пропиленгликоль, 35% — глицерин, 3,6% — никотин және 4% — хош иістендіргіш бар екендігіне көз жеткізген. Пульмонолог-дәрігер осыған байланысты әлемде EVALI сынды өкпе аурулары тіркелетінін атап өтті. Дәрігердің сөзінше, қазір бұл ауру түрлерін емдеу тәсілі жоқ. Мұндай науқастарға өкпе трансплантациясы ұсынылады. Өкінішке қарай, EVALI ауруы көп жағдайда өліммен аяқталған.

— Кейбір науқастар вейп қолданғаннан кейін алғаш рет пайда болған жөтел, енгіту, қақырық, кеуде тұсының ауруы сияқты белгілермен келеді. Сондай-ақ бронхалды астманың өршуі байқалатын науқастар да бар. Өз тәжірибемде вейптен ауыр зардап шеккен жағдайлар болмады. Алайда әлемде вейпке байланысты өкпенің ауыр зақымдануы — EVALI (E-cigarette and Vaping use-Associated Lung Injury — электронды темекі мен вейп қолданумен байланысты өкпе зақымдануы) тіркелген. Бұл — вейп құрамындағы майлы заттарды ингаляциялау нәтижесінде дамиды өкпенің жедел зақымдануы. Ол өкпеде қабыну реакциясын туындатып, тыныс жетіспеушілігінің тез өршуіне,

ақырында қайтымсыз салдарға алып келеді. Дәрі-дәрмекпен емдеуден бөлек, біз вейптен толық бас тартуды ұсынамыз, — деді пульмонолог дәрігер А.Серікова.

Электронды темекі өнімдері қолдану кезінде жарылып немесе тұтанып кетуі ықтимал. Вейптің залалы ғылыми тұрғыда толық зерттелмегеніне қарамастан, әлемдегі бірқатар медициналық ұйым хош иістендіргіштерді қолданбауға кеңес береді.

— Вейпинг өкпе сурфактантына зақым келтіреді, иммундық қорғанысты төмендетеді және қабыну, фиброз, мутагендік өзгерістер тудыруы мүмкін. Вейптің темекіге қарағанда қауіпсіз екенін сенімді ғылыми деректер растамайды. Вейпингке қарсы арнайы дәрі-дәрмектер жоқ, бірақ темекіге қарсы қолданылатын никотинді пластырьлар, шайнайтын сағыздар, спрейлер/ингаляторлар дәрігердің тағайындауымен пайдаланылуы мүмкін, — деді алерголог, пульмонолог Индира Зурдунова.

Қаржы мониторинг агенттігінің дерегінше, елімізде жыл басынан бері вейптердің заңсыз айналымына қатысты 32 дерек тіркеліп, 440 мыңнан астам бұйым жойылған. Тәркіленген заттардың құны 1,8 млрд теңгеден асқан.

Ғалымдар вейпке сынақ жүргізудің нәтижесінде, оның құрамында 62% — пропиленгликоль, 35% — глицерин, 3,6% — никотин және 4% — хош иістендіргіш бар екендігіне көз жеткізген.

жоғары болған. Сарапшылар 2037 жылға қарай табыс 1,06 триллион АҚШ долларынан асады деп болжаған. Көрсеткіштің бұлай қарқын алуына вейпті «қауіпсіз нұсқа» деп қабылдайтын жас буын мен осы сектордағы танымалдықтың артуы ықпал ететін көрінеді.

Расында қазір кейбірінің санасында «вейп темекіге қара-

никотинге тәуелділік тудырады. Вейпті қауіпсіз деп қызық үшін тұтынған жастар мен жасөспірімдерде күшті никотиндік тәуелділік дамуы мүмкін. Вейпинг жастардың репродуктивтік функциясына кері әсер етіп, бедеулік қаупін арттырады, — деді пульмонолог.

Жақында Алматы қаласы бойынша Қаржы мониторингі

ENBEK WAY ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫ ӨТТІ

«АМАНАТ» партиясының Қарағанды облыстық филиалының ғимаратында Халықаралық жастар күніне және Жұмысшы кәсіптер жылына орай ұйымдастырылған Enbek Way зияткерлік ойыны өтті.

А **Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
Қарағанды облысы

Ойынға облыстағы ірі өндіріс орындарының 75-тен астам жұмысшы мамандығының өкілдері қатысты. Әрбір команда өз кәсіпорнын таныстырып, 6 кезеңнен тұратын Quiz-ойында бәсекеleşті.

Сұрақтар жалпы эрудициямен қатар жұмысшы мамандықтарының ерекшеліктеріне де қатысты болды. Бұл қатысушы-

ларға өз білімін көрсетіп қана қоймай, жаңа мағлұматтар алуға да мүмкіндік берді.

Қатысушылардың барынша белсенділігі мен қолдау топтарының ерекше дайындығы ойынға мерекелік көңіл күй мен нағыз жарыс атмосферасын сыйлады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер серіктестер ұсынған бағалы



сыйлықтармен және сертификаттармен марапатталды.

«Бүгін біз Жастар күнін заманауи, ерекше әрі белсенді түрде атап өтуді жөн көрдік. Бұл

жолы жұмысшы мамандықтарының өкілдері қатысып, командалық рухты күшейтетін, әріптестердің бір-бірін жұмыс орнынан тыс жерде жақынырақ

танып-білуіне мүмкіндік беретін іс-шара ұйымдастырдық. Сонымен қатар арнайы тандалған сыйлықтар да командаларды біріктіре түсетініне сенімдіміз», — деп бөлісті шара ұйымдастырушысы Зият Сәдуақасов.

Шара жастар арасында жұмысшы кәсіптерін насихаттауға, корпоративтік мәдениетті нығайтуға және жас мамандардың зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған бастамалар сериясының бір бөлігі болды.

Ұйымдастырушылар қатысушылар мен серіктестерге белсенділік пен қолдау білдіріп, өңірдегі жастар саясатының дамуына қосқан үлесі үшін алғыс айтты.



16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 30 тамызда 30 жыл толады. Осы орайда біз тәуелсіз ел тарихындағы 30 жылдан астам уақыт аралығында қызмет еткен Конституция негізінде мемлекеттік деңгейде қазақтың тарихи құқықтық негіздерінің салтанат құрған тұстары мен ұлттың ұтқан сәттері туралы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы Жамаладен Ибрагимовпен әңгімелескен едік.

— Жамаладен Ибраһимұлы, сіздің ойыңызша, бүгінгі Ата Заңымыз халқымыздың басты арман-мақсаттары мен ұлттық құндылықтарын нақты жаза алды ма?

— Негізі, Конституция дегеніміз — латын тілінен шыққан ұғым: constitutio, яғни «құрылым» сөзінен шыққан, «жарғы, бекітемін, мекеме» деген мағынаны білдіреді. Осы орайда кез келген мемлекеттің қалыптасуында, дамуында Конституция-

ретінде, ұстын ретінде әлі өміршең әлеуетін береді деп білеміз.

Ата Заңымыздың тұтас тұғыры, негізгі ұстыны — қазақтың зайырлылық дүниетанымымен үндес. Бұл — ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттың ұстанымы мен құқықтық мемлекеттің негізін қалаған қағидаттардың табиғи үйлесімі. Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетінде дін мен дүниенің аражігін ажырата отырып, адам құқықтары мен ар-ождан бостандығына құрмет көрсетуге

анықталады» деп көрсетіліп, олардың ажырамас, бұлжымас құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы және оның қорғалуына мемлекет тарапынан кепілдіктің берілуі деп айтамыз.

— Бүгінге дейін Конституцияға қанша рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді және бұл өзгерістердің бүгінгі нәтижесі қандай?

— Бүгінге дейін біздің Ата Заңымызға 7 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2022 жылғы 5 маусымда жүргізілген



КОНСТИТУЦИЯ – БІРЛІК пен

ның рөлі өте зор. Біз еліміздің 1995 жылы республикалық референдум нәтижесінде қабылданған Конституциясы бойынша өмір сүріп отырмыз. Бұл негізгі Заң шын мәнінде қоғамдық келісімге айналды. Сол бойынша билік Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құруды өзіне басты міндет етіп алды. Ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті алды. Осындай өзара міндеткерлік қоғам мемлекеттің одан әрі нәтижелі дамуына тиянақты негіз қалыптастырды. Болашаққа сеніммен қарауымызға мүмкіндік берді.

Енді Конституциямызда халқымыздың арман-мұраттарына, ұлттық құндылықтарына қажетті қандай айшықтары болды десек, оның кіріспе бөлімінде, яғни заң тілінде «преамбула» деп аталатын тұсында «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшілі азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» деп жазылған. Сондықтан Конституциямыз Қазақстан халқына қызмет етуге, халықтың алдына қойып отырған арман-мақсат, аңсар мұраттарына, ұлттық құндылықтарына қызмет етуге лайықталып жазылды. Болашақта да мемлекеттің құқықтық дамуының темірқазығы

ерекше мән берілген. Сол себепті де Қазақстан Конституциясы зайырлы мемлекет қағидатын негізге ала отырып, әр азаматтың сенім еркіндігіне кепілдік береді. Бұл — ел тұрақтылығы мен бейбіт өмірдің берік тірегі.

— Сіздіңше конституциялық құқық үстемдігі деген не?

— Мемлекетте идеологиялық бағыт-бағдардың рөлін атқаратын ол негізгі құндылық, әрине, конституциялық құқық үстемдігі, заң үстемдігі, заң және тәртіп үстемдігі. Сондықтан да конституциялық құқық үстемдігі — барлық мекемеде, мемлекеттік органдар-

халықтық референдум негізінде енгізілген өзгерістердің нәтижелерін көріп отырмыз. Ол Президент құзыретінің шектелуі. Мысалы, өзінің қызмет етуі барысында Президент ешқандай саяси партияға жетекші бола алмайды, ешқандай саяси партияның мүшесі бола алмайды. Одан кейін Президенттің қызмет етуі барысында оның жақын туыстары ең жоғарғы саяси лауазымды қызметтерге және квазимемлекеттік ұйымдардың жетекші қызметтерін атқара алмайды деген нормаларды атауға болады. Сонымен қатар сайлау жүйесіне қатысты, енді

ған депутаттар жұмыс істеп отыр. Бұл депутаттардан сайлаушылардың күтетін талап-тілегі өте көп.

Мажоритарлы жүйемен сайланған депутаттар егер де сайланғаннан кейін бір жарым жыл көлемінде ешқандай нәтижелі еңбек етіп, өзінің сайлау алды бағдарламаларында өзінің берген уәделерін, өзінің алдына қойған жоспарларын орындамайтын болса, сол сайланған территориядағы, округтегі сайлаушылар ол депутаттың мандатын қайтарып алу құқығына ие. Референдум нәтижесінде енгізілген конституциялық өзгерістер бүгінгі азаматтардың мемлекеттік басқару ісіне қатысуына үлкен жол ашып отыр деп айта аламын.

— Қоғамда Конституция туралы тегін кеңестер жүргізіле ме? Адамдар немесе қоғам Конституцияның Сіз айтып отырған құқықтық негіздері мен маңыздылығын қаншалықты түсінеді? Сіздің ойыңызша конституциялық мәдениет деген не?

— Жалпы, мемлекетте құқықтық саясатты қалыптастыру бағытында азаматтарға, адамдарға, тұрғындарға құқықтық кеңестер беріледі. Елімізде қабылданатын заңнаманың барлығының негізгі бастауы — Конституция. Сондықтан оған сәйкес әр саладағы құқықтық нормалар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары тұрғысында қалыптасқан үрдіс бар. Конституциялық мәдениет дегеніміз — ол құқықтық құндылықтардың, ұстанымдардың, білім мен тәжірибелердің жиынтығы. Конституциялық мәдениет — оны сыйлау, құрметтеу, адамның өз құқықтарын білуі мен құрметтеуі және оған сәйкес заңдарды тұрақтарды түрде орындап отыруы. Сондықтан оның қалыптасуына азаматтар әрқашанда өзінің үлесін жан-жақты қосу керек.

АҚШ мемлекеттік қайраткері Уильям Сэмюэл Джонсонның айтқаны бар: «Заң — адамдардың тәжірибесін қоғам игілігіне пайдаланатын адамзат даналығының ең жоғарғы көрінісі» деп. Осы орайда Конституция мемлекетіміздің негізгі заңы десек, оны құрметтеу әр азаматтың парызы және міндеті. Қоғамда, өзі тұрып жатқан мемлекетте еркін, ыңғайлы, бейбіт өмір сүру үшін Ата Заңдағы құқықтар мен міндеттерді, нормалары мен принциптерді түсіне білуі керек. Бұл әр азаматтың құқықтың санасының өлшемін көрсетеді. Ал сол құқықтар мен бостандықтарды, еркіндікті түсініп, ұғынып қана қоймай, оны конституциялық принциптерге сәйкес орындау қоғамдағы конституциялық мәдениеттің барын, биіктігін көрсетеді. Қоғам демократиялық болғандықтан, бізде саналуандық қалыптасқан. Әртүрлі ұстанымдағы азаматтар, әртүрлі этностар, әртүрлі ой-идеяларға сүйенетін азаматтар бар. Бірақ олардың барлығын конституциялық мәдениет біріктіреді. Өйткені конституциялық құндылықтарды қалыптастыру қоғамдағы құқықтың үстемдігін, қоғамдағы демократиялық принциптердің сақталуын, адамдардың қорғалуы мен әділеттілікті көрсетеді.

Афиналық заңгер, өз заманының ұлы ойшылы Солон «Өзі шығарған заңын өзі орындамаған мемлекет түбі құлап тынады» дейді. Сондықтан да біздің азаматтарымыз қолданыстағы конституциялық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындауы керек. Қазақ елі азаматтарының Ата Заңға деген ұстанымдары әртүрлі деңгейде қалыптасты. Кейде оған мән бермейтін, мойынсынбайтын азаматтар да болуы мүмкін. Сондықтан да

Ата Заңымыздың тұтас тұғыры, негізгі ұстыны — қазақтың зайырлылық дүниетанымымен үндес. Бұл — ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттың ұстанымы мен құқықтық мемлекеттің негізін қалаған қағидаттардың табиғи үйлесімі.

да, квазимемлекеттік секторларда, жеке және шағын, ірі кәсіпорын иелерінде, олар қызмет ететін ортада және азаматтардың өмір сүретін ауқымдағы Конституцияның үстемдік етуі. Ол мемлекеттегі заңдардың, нормативтік-құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі және сол заңды жүзеге асыратын атқарушы билік қызметінің барлық мемлекеттік органдарының, мемлекеттік қызметшілердің заңға сәйкес қызмет етуі. Ал қарапайым азаматтарға қатысты Конституцияның 12-бабының 2-тармағына сәйкес: «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай

Парламент Мәжілісіне екі жүйе — пропорционалды және мажоритарлы сайлау жүйелері қолданылады. Яғни, Парламент Мәжілісі депутаттарының жартысы саяси партиялардың тізімінен сайланатын болса, жартысы бүгінгі қоғамның талабына, сайлау туралы заңның талабына сай қазақ елінің әрбір мақтанышы, әрбір тұлғасы демократиялық принциптер негізінде өзін сайлау процесіне үміткер ретінде қатысуға өтініш білдіріп, сайлау додасында жеңіске жетіп, заң шығару қызметін жүзеге асыратын Парламентке депутат бола алады. Міне, осындай өзгерістер және басқа да толықтырулар қоғамда өз жемісін беріп отыр. Реформа нәтижесінде Парламентімізде қазір 6 саяси партияның өкілдері қызмет етеді және сонымен қатар 29 өзін-өзі ұсын-



16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

болашақ құқықтық мемлекеттің дамуында, конституциялық мәдениетті қалыптастыруда, оның толыққанды негізделуіне әлі де біршама жұмыс керек. Бұл тарапта тәжірибедегі заңгер мамандар, заңгер ғалымдар, адвокаттар, заң кеңесшілері, құқық қорғау органдарының өкілдері, жалпы мемлекеттік қызметшілер өз үлесін қосуы тиіс. Кезінде елімізде Әділет министрі, Премьер-Министрдің орынбасары қызметін атқарған, заң ғылымдарының докторы, профессор Нағашыбай Шайкеновтың «Біздің азаматтарымыз Конституцияны құрметтей, сыйлай білуі керек. Мемлекеттік қызметкерлер Конституцияны құрметтеп, сыйлап қана қоймай, оның нормалары мен қағидаттарын өмірге енгізуге үлкен үлес қосуы керек. Ал оның нормаларын орындамау, мемлекеттің заң нормаларын орындамау, ол адамға күнә ретінде есептелуі керек» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қазақ елінің конституциялық

болғанда есімізге аламыз? Басқа уақытта оның насихатталуы үшін қандай шаралар қажет деп ойлайсыз?

— Конституциямыздың қабылданған күні — 30 тамыз. Оны ресми түрде мемлекет тарапынан қабылданған мереке, айтулы іс-шара ретінде тойлаймыз, атап өтеміз. Бірақ Ата Заңымызды түсіндіруге байланысты іс-шаралар жиі ұйымдастырылып тұратынын білген жөн. Оның ішінде ғалымдар тарапынан жыл бойы өтетін құқықтық тақырыптарға қатысты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларды атап өтер едім. Яғни, заңгерлер қатысатын, шетелдердегі, алыс-жақын көрші елдердегі, өз елімізде өтетін кез келген ғылыми-тәжірибелік конференциялар Конституцияны негізге ала отырып дамытын құқықтық мәселелер ауқымында болады. Екіншіден, сот билігі жүйесі де өздерінің үкімдерін шығарған кезде міндетті түрде әуелі Конституцияға, одан

ді. Мемлекеттік деңгейдегі барлық іс-шарада Ата Заңымыздың рөлі, маңызы, орны айтулы түрде ескеріліп отырады.

— Елімізде қазір Конституциялық Сот жұмыс істейді. Бұл органың бұрынғы Конституциялық кеңестен айырмашылығы қандай?

— Мемлекетімізде 2023 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты жұмыс істейді. 2022 жылы 31 желтоқсанға дейін біздің елде Конституциялық кеңес өз жұмысын атқарған. Қазір Конституциялық кеңес деген орган жоқ, ол өз жұмысын тоқтатты. ҚР Конституциялық кеңесі Конституциямызды қабылдаған кезінде Франция мемлекетінің құқықтық жүйесіндегі органның үлгісі ретінде алынған болатын. Бұл екі органның айырмашылығы — Конституциялық кеңеске өтінішті тек қана Президент, Премьер-министр, Парламент депутаттарының бір бөлігі, судьялар ғана бере алатын.

шешімдеріне шағымдану үшін емес, сол дауларды қарау барысында қолданылған заң нормаларының Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы өтініш бере алады. Мемлекеттің қолданып отырған Конституция және оның ауқымында қабылданған ұлттық заңнамалардың аясында өмір сүру мәдениеті қалыптасқанда жағдайда қоғамның кемелденуі басталады.

Сол сияқты қоғамның кемелденуі қазір 180 жылдығын тойлап отырған, әлемге танымал, қазақтың ойшылы, қазақтың брендіне айналған ұлы ғұлама, хакім Абайдың «Толық адам» идеясымен толық үйлеседі. Өйткені толық адам деген — адал азамат. Адал еңбек арқылы адал табыс тауып, қоғамға адал қызмет етудің мінез-құлқы конституциялық мәдениеттің қырларын ерекше ашып көрсетеді. Қазақ елінің билер мектебінен тәжірибе алған, қазақ данасы Абайдың құқықтық идеялары, билік шешімдері де азамат-

— Тәуелсіз ел тарихындағы 30 жылдан астам уақыт аралығында қызмет еткен Ата Заңымызға сүйене отырып, ұлттың ұтқан сәттері мен қазақтың тарихи құқықтық негіздерінің салтанат құрған тұстарын атап айтып беріңізші...

— Ата Заңымызды қабылдаған кезде және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде ұлттың ұтқан сәттері өте көп. Неге десеміздер, 1991 жылы 16 желтоқсанда біздің қазақ елі өзінің тәуелсіздігін қайта жаңғыртқанға дейін елімізде бірнеше кеңестік кезеңнің конституциялары болды. Ол — 1937 жылғы конституция және 1978 жылғы Қазақ ССР-нің конституциялары. Міне, осы конституцияларға қатысты кезінде заңгер ғалымның пікірін келтірейін. Мәселен, «1937 жылғы, 1978 жылғы конституцияға қарағанда 1917 жылғы Алаш ардагерлерінің, Алаш арыстарының саяси бағдарламасындағы талданған, қабылданған нормалардың басымдығы жоғары». Яғни, кеңестік екі конституциядан гөрі Алаш бағдарламасы партиясының бағдарламасында айтылған идеялар өте құнды, ұлттық құндылықтарға бай, елге қызмет ететін идея» дейді заңгер ғалым. Осы идеялардың бәрі бүгінгі күні біздің мемлекетімізде қызмет етіп жатыр және Алаш қайраткерлері, Алаш арыстары кезінде мұрат еткен құқықтық мемлекет идеясы, зайырлы мемлекет идеясы, Президенттік басқару идеясы Конституциямызда орнықты түрде орын алды.

Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш ардагерлері қазақ елі түбінде өзінің жеке, дербес Президент басқаратын, егемен, тәуелсіз ел болады деп идея айтқан болатын. Сонымен қатар зайырлы мемлекеттің нақты рөлін атап көрсеткен болатын. Олардың көзқарасы бойынша мемлекет дін ісіне араласпауы керек деген тұжырымдама қалыптасқан болатын. Бұл идеялар ел Конституциясының нормаларынан өзінің көрінісін тапты. Ұлт зиялыларының XX ғасырдың басында әзірлеген «Алаш бағдарламасы», «Қазақ уставы» деп аталатын саяси-құқықтық құжаттарында бүгінде ұлт мұратына қызмет ететін нормалардың іргетасы қабылданды. Сондықтан да осы құқықтық мұраттарды негізге ала отырып әзірленген ұлттың Ата Заңды қабылдаудағы ұтқан сәті көп деп айтуға толық қақымыз бар. Халқымыздың ықылым заманнан бері табиғатпен үндесіп өмір сүрген тарихи жадындағы еркіндік құқығы, бостандық құқығы, зайырлы дүниетанымы Ата Заңымыздың негізгі ұстыны, тұтас тұғыры болып қалыптасқанын сеніммен айта аламын.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

БЕЙБІТШІЛІК ТҰҒЫРЫ

мәдениеті мен құқықтық санасы, атқарылып жатқан барлық іс-шараға сәйкес әр азаматтың құқықтық үстемдігі, заң үстемдігі принципін түсіне білу және түйсіне білу негізінде толыққанды қалыптасады деп ойлаймыз.

— Жалпы Конституция десе, көбіне алдымен қазақ тілінің ахуалы туралы ойлана бастаймыз, бірақ Конституция тіл туралы ғана заң емес қой. Яғни, Ата Заңымызда халық үшін тағы да өзекті болуға тиіс қандай құқықтық тармақтар бар? Сіздіңше халық өзінің конституциялық құқығын қаншалықты біледі?

— Конституциямыз мемлекеттің, қазақ елінің Ата Заңы болғандықтан, ұлттың құндылығына, ұлттың болашағына, ұлттың берекесі-бірлігіне қызмет ететін негізгі заң. Сондықтан да Конституцияда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі деп жазылған. Бұл мемлекеттік тілдің мәртебесін көтереді. Сонымен қатар 7-баптың 2-тармағында ұйымдарда және жергілікті басқарушы орындарда орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген. Осы орайда айтып кететініміз, «ресми тіл де қазақ тілімен тең қолданылады» деген бап орыс тіліне ешқандай да мәртебе беріп тұрған жоқ. Ал 14-баптағы «заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, діліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар болсын ешуақытта ешқандай да кемсітуге болмайды» деген бап бар. Яғни, Конституцияның кез келген бабы қазақ ұлтына, қазақ елінің әрбір азаматына толыққанды қызмет етеді деп ойлаймын.

— Ата Заңымыз туралы көбіне арнаулы датада ғана, яғни 30 тамыз



кейін сол қарастырылып отырған іске қатысты ұлттық заңнамаға сүйенеді. Одан кейін барлық мемлекеттік қызметкер күнделікті атқарып отырған іс-әрекеттерін Ата Заңның ауқымында жүргізіп отырады. Сондықтан да мемлекетімізде Конституцияның негізгі бағыты мен маңыздылығы 30 тамызда ғана емес, әр азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау барысында, әрбір азаматтың өз міндеттерін орындауға қатысты барлық іс-шарада көрінеді.

Оның бір мысалы, 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Мемлекетіміз егемендігін жаңғыртууды осы айтулы іс-шарадан бастайды. Бұл мемлекеттік іс-шара ауқымында да Конституция туралы жан-жақты атап айтылады. 16 желтоқсандағы Тәуелсіздік күнінде де міндетті түрде Конституцияға, барлық конституциялық қағидаттарға сүйенетін ақпараттар таратылып, кездесулер, дөңгелек үстелдер, сұхбаттар, бағдарламалар өткізіле-

2023 жылдың бірінші қаңтарынан бастап қызметке кіріскен Конституциялық Соттың ерекшелігі — бұл органға өтініш бере алатын субъектілер саны ұлғайды.

Ал 2023 жылдың бірінші қаңтарынан бастап қызметке кіріскен Конституциялық Соттың ерекшелігі — бұл органға өтініш бере алатын субъектілер саны ұлғайды. Енді Президент, Премьер-министр, Парламент депутаттары, судьялары, Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкілет, уәкіл де өз өтініш-шағымын бере алады. Бұл органның ең басты ерекшелігі және айқын бір басымдығы — қарапайым азаматтар да өтінішін бере алады.

— Азаматтар бұл сотқа қандай жағдайда жүгінуіне болады?

— Конституциялық Сотқа азаматтар жүгінген кезде өздерінің жеке даулары немесе лауазымдық тұлғалардың әрекеттері мен

тардың өтініш, шағымдарының әділетті, заңда шешілуінің нақты үлгілері деп те айта аламыз.

Заң ғылымында «конституциялық патриотизм» деген ұғым бар. Бұл жай ғана ұран, Ту көтеру, көк Тудың желбіреуі туралы өлеңдер айтып, ән шырқау емес. Конституциялық патриотизм — Ата Заңымызды тереңнен түсініп оқу, оның әр бабын күнделікті өмірде пайдалану, құқықтар мен бостандықтарды қолдана білу, сонымен қатар Ата Заңға сәйкес Отан алдындағы, мемлекет алдындағы конституциялық парызды орындау, құрметтеу, сыйлау. Осы конституциялық патриотизм азаматтарды мемлекетке адал қызмет етуге үндейтін басымдықтардың бірі.

МӘДЕНИЕТ

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Аталған келісімге 2025 жылдың 6 маусымында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Астанаға ресми сапары барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев және Қытай көшбасшысының қатысуымен қол қойылған еді. Silk Way Star — Ұлы Жібек жолы бойындағы мемлекеттер мен халықтардың мәдени құндылықтарын паш ететін әрі әлемдік музыка индустриясындағы жарқын оқиғаға айналатын музыкалық байқау болмақ. Өйткені биыл алғаш рет эфирге шығатын байқауға 12 елдің өнерпаздары өтінім беріп үлгерген. Jibek Joly/Silk Way телеарнасының басқарушы директоры Еркежан Күнтуғаннның айтуынша, өтінім беру уақыты мәресіне таяса да, Вьетнам, Пәкістан, Тайланд сияқты бірқатар елден қатысуға ұсыныс келіп түсуде. Бұл — аталмыш жобаның алдағы уақытта жалғасатынын білдіреді.

— Jibek Joly телеарнасы 3 жылдан бері эфирде жұмыс істеп келе жатыр. Осы уақытта біз үлкен форматтағы жобаларды қолға алмаған едік. Silk Way Star жобасы — алғашқы ірі жоба, биыл күзгі маусымнан бастап эфирге шығаруды жоспарлап отырмыз. Бұл — қазақстандық мамандардың ойлап тапқан жобасы. Мұндағы негізгі акцент — ел ішіндегі өнерпаздар ғана емес, шетелден де өнерпаздардың қатысуы. Бұл біз үшін жаңа тәжірибе. Мұндай ауқымды жобаны ұйымдастыру мен өткізу үлкен еңбекті, тың шешімдер мен көзқарасты талап етеді. Осы орайда біздің шығармашылық топтың креативтілігі, табандылығымен қатар ерекше құлшынысын атап өту керек. Jibek Joly мен CMG медиакорпорациясын біріктіретін осы жобаның жемісті боларына сенім зор. Миллиондаған көрерменімізді тың жаналықтар және әлемнің түкпір-түкпірінде тұратын жандардың бір алаңда ұйысқанын тамашалайтын ғажайып сәттер күтіп тұр. Бұл жоба Қытайдың орталық телеарнасында да көрсетіледі. Қазақстандық өнімнің шетелдік телеарнада көрсетілуі — отандық медиа мамандардың еңбегінің жемісі деп білемін. Біздің сапа, біздің дәреже шетелдік көрерменнің көңілінен шығады деген ойдамын, — деді Jibek Joly/Silk Way телеарнасының басқарушы директоры Еркежан Күнтуған.

Күні кеше «Қазмедиа орталығы» студиясында Silk Way Star байқауының тұжырымдамасын таныстыруға арналған баспасөз конференциясы өтті. Жиында жоба ұйымдастырушылары байқаудың форматы, қатысушылары және халықаралық қазылар алқасының мүшелері жөнінде ақпарат берді. Ірі жобаның бірі болып келетін музыкалық конкурс Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені мен Қытай Медиа корпорациясы (CMG) арасындағы Silk Way Star халықаралық жобасын құру туралы келісім аясында жүзеге асырылды.

ӘЛЕМ ӨНЕРПАЗДАРЫНА ЖОЛ АШҚАН БАЙҚАУ

Әлемде Eurovision Song Contest, Turkvision Song Contest сияқты ауқымды вокалдық конкурстар, шоулар өтеді. Алайда Азияда әсіресе, пандемиядан кейін мұндай байқаулар мүлде болмаған. Ұйымдастырушылар Шығыс Азия елдерінен сұраныс өте көп болуын осындай жағдаймен байланыстырды.

Жоба — Қазақстан мен Қытайдың бірлескен өнімі. Сондықтан биыл Қазақстанда өтсе, келесі жылы Қытай елінде өткізу жоспарланған. Жиында сөз сөйлеген Қытай Медиа Корпорациясы (CMG) Еуразия бюросының директоры Ван Бинь Silk Way Star мегажобасын Қытай медиакорпорациясы мен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі арасындағы ынтымақтастық деңгейін айқын көрсететінін айтты. Сондай-ақ ортақ жоба ұзақмерзімді әрі тұрақты боларына сенім білдірді.

— Медиакорпорациямыздың бас директоры Шэнь Хайсюн мырзаның айтуынша, бұл — аса маңызды стратегиялық құжат. Бұл жобаны жүзеге асыру қытайлық және қазақстандық тарап үшін бірегей тәжірибе болмақ. Қытай тарапы жобаны барынша қолдайды. Біз қазірдің өзінде тәжірибелі мамандардан құралған топ құрдық. Олар жыл сайын көктем мерекесіне арналған гала-концерттерді ұйымдастырады, ал бұл концерттерді жыл сайын әлем бойынша шама-

орнаған. Оның географиясының ауқымы да кең. Яғни, Жібек жолының аумағымен шектелмей, Малайзия, Оңтүстік Корея сынды Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен де қатысушылар келіп бақ сынайды. Jibek Joly/Silk Way телеарнасының басқарушы директорының орынбасары Айнұр Иманғали елдер мен халықтар арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға, өркениетаралық диалогті дамытуға бағытталғанын байқау географиясының ауқымды болуымен байланыстырады.

— Silk Way Star — жай ғана вокалдық байқау емес, одан да үлкен, мәні терең мәдени халықаралық жоба. Биыл біз Астанада ежелгі Жібек жолының бойында орналасқан елдердің бай да бірегей мәдени мұрасын паш ететін 12 мемлекеттен өнерпаздарды қарсы аламыз. Астана — Еуразия құрлығының дәл жүрегі. Барлық елден ең дарынды, ең креативті, ең батыл жас орындаушыларды қарсы алады. Бұл тек мәдени диалогті



Way Star байқауының продюсері, еліміздегі айтулы музыкалық жобалардың ұйымдастырушысы Динара Адам айтты.

— Бүгінгі студиямыз 10 күннен кейін мүлде басқа кейіпке енеді. 700 шаршы метрлік алаңның 560 шаршы метрін LED-экрандар алып жатыр. Шамамен 400 жарық құрылғысы орнатылған. Бұл студияда көптеген жоба түсірдім, ең ірі жобаларда да жабдықтар саны әдетте 200-250 шамасында болатын. Бұл жолы — екі есе көп. Кинетикалық декорациялар, дыбыс, техникалық арнайы эффектілер, жасанды интеллектті қолдану — мұның бәрі аса мұқият болуды талап етеді, — деді продюсер.

Ауқымды байқаудың құрылымы да күрделі. Жобаның бас редакторы Қасымхан Алдаш байқаудың 10 эпизодтан тұратынын тарқатып айтып берді. Алғашқы 9 эпизодта қатысушылар үздік атану үшін бақ сынайды, оларды 12 елден келген халықаралық қазылар алқасы бағалайды. Бекітілген ережеге сәйкес, әр бағалаушы өз елінің өнерпазын бағаламайды. Әр эпизод белгілі бір тақырыпқа негізделеді. Мәселен, қатысушылар тек өз тілінде емес, қарсыласының тілінде де ән айтуға және қазақстандық поп, танымал әншілермен дуэт болуға міндетті. 10-эпизод — финал. Бұл — тікелей эфир, халықтың да берген дауысы бойынша қорытындыланады. 50 пайыз — қазылар алқасының бағасы, 50 пайыз — 12 елдің көрермендерінің берген дауысы. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай ауқымды қолдау — бұрын-сонды болмаған құбылыс.

Қазылар алқасының құрамында танымал әртістер, композиторлар, продюсерлер мен медиа өкілдері болады. Silk Way Star — азиялық музыканы насихаттау,



мен 2 миллиард көрермен тамашалайды. Silk Way Star жобасында да ең үздік орындаушы таңдалады деп сенеміз. Сондай-ақ байқауға қатысатын қытайлық өнерпаз да Димаштың Қытайда жеткен жетістігіндей жоғары деңгейге жетеді деген үміттеміз. Биыл жоба түсірілімдері Қазақстанда өтеді. Барлығы ойдағыдай болады және келесі маусым Қытайда ұйымдастырылады деп жоспарлады. Осы мақсатқа жету үшін бірлесе жұмыс істейміз, — деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жобаға қатысушыларды таңдау үшін әр елдегі елшіліктерімен және Мәдениет министрлігімен тығыз қарым-қатынас

дамыту мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар Астананың заманауи келбетін, ерекше атмосфера-сын, бай тарихы мен дәстүрін бүкіл әлемге таныстырудың жарқын жолы. Айта кетейік, Silk Way Star байқауы Қазақстандағы әртүрлі медиа платформалардан көрсетіледі. Сонымен қатар шоу халықаралық аудиторияға Silk Way телеарнасы арқылы және байқауға қатысушы елдердің, соның ішінде Қытай, Орталық Азия мемлекеттері, Әзербайжан, Моңғолия және басқа да елдердің аумағында және өз тілдерінде көрсетіледі, — деді Айнұр Иманғали.

Ал музыкалық жобаның техникалық мазмұны жайында Silk

халықтар арасындағы мәдени байланысты нығайту және жаңа таланттарға жол ашатын алаң қалыптастыруға бағытталған бірегей жоба әрі әлемдік музыкалық индустриядағы жарқын құбылыс болмақ. Бұл Ұлы Жібек жолы бойындағы елдер мен халықтардың мәдени құндылықтарын паш етеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, келіп түскен 80 өтінімнің ішінен іріктеліп алынған 12 елдің үздік, танымал әншілері сахнада өнер көрсетеді. Атап айтсақ, Армениядан — Саруар Геворгян, Әзербайжаннан — Сабина Заде, Грузиядан — Автандил Абесламидзе, Қытайдан — Чжан Хэсюань, Қырғызстаннан — Тамға, Малайзиядан — Язмін Азиз, Моңғолиядан — Мишель Джозеф, Тәжікстаннан — Фахриддин Хакимов, Түрікменстаннан — Давран Шаммиев, Әзербайжаннан — Мадинабону Адылова, Оңтүстік Кореядан KANDIS тобы қатысса, еліміздің атынан бақ сынайтын поп-жұлдыз — ALEM.

Байқауға қатысушылар әр елдің мәдениетіне тән музыкалық стильдердің алуандығын, дәстүрлердің, әуендер мен орындау мәнерінің ерекшелігін көрсетеді. Музыкалық сайыстың түсірілімі 20 тамызда басталады.

ТАРИХ

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Кеңестік дәуірде қазақтың төл тарихы бұрмаланып, ұлттық сананы жаңғыртуға мүмкіндік берілмеді. Бір ғана идеология үстемдік еткен сол кезеңдерде тарихи шындықтың беті ашылмай, халықтың жады ұмыт бола бастады. Алайда ел ішінде ұлттық рух пен тарихи жадының отын сөндірмеген, өткенін ұмытпаған жандар аз болған жоқ. Олар қасіретті жылдарды, ата-бабаның ерлігін, ұлт үшін күрескен батырларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды. Егемендік алғалы Қазақстан ғалымдары тарихымыздағы «ақтаңдақтарды» зерттеп, шындыққа қол жеткізіп отыр. Егемендіктің арқасында халқымыздың тарихи жадын қайта жаңғыртып, өткенімізге терең бойлап, ұлтымыздың ұлы тарихын дәріптеуге мүмкіндік туды.

карып, бүкіл Қазақ еліндегі саяси шиеленістің отын одан әрі өршіте түседі. Барақ сұлтанның туған інісі Көшек хан найманның садыр руын басқарып, Сайрам қаласында өзін жеке-дара хан деп жариялайды.

Қазақ еліндегі осындай ішкі саяси жағдай көрші мемлекетке белгілі болатын. Батыстан ентелеп келе жатқан Ресей де, шығыстан әлсін-әлсін жорық жасап отырған Жоңғария да қазақ қоғамында қалыптасқан саяси жағдайдан барынша пайда табуды көздейді. Ал енді осы жылдардағы қазақ елінің сыртқы саяси жағдайын Ш.Уә-

тары мен жайлауларын бағындыра отырып, Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен отырықшы-егіншілік аудандарға соққылар береді де, ол аймақтарда да өз билігін орнатады. Жалпы, жорықтың нәтижесіне келсек, 1723 жылы жоңғарлар Түркістан, Ташкент, Сайрам қалаларын басып алып, Ұлы жүз бен Орта жүз руларының бір бөлігін өзіне бағындырады. Бұл дегеніміз Ұлы жүздің жерін толығымен, ал Орта жүздің жарты жерін жоңғарлардың иеленгенін көрсетеді. Ел басына түскен осы бір ауыр күндер қазақ халқының ауыз әдебиетінде «Елім-ай» атты зарлы әнмен ұмытылмастай сақталып қалды. Бас сауғалаған ел көрші аймақтарға үдере көшіп, ауыр халге душар болды. Бұл зұлмат жылдар тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалды.

Ендігі арада жоңғарлар Еділ бойындағы қалмақтармен бірігіп, қазақ жерін екі жақтан қысуға бағыт алуды жоспарлайды. Бұл қазақ халқының тағдыры үшін аса қауіпті жағдай еді. Мұндай сын сағатта елді біріктіру уақыт талабы болды. Ал елді біріктіретін рух пен сенімді оятатын бір үлкен жеңіс ауадай қажет еді. Ұлы жеңіс 1727 жылы жүзеге асты. Ел басына күн туған шақта үш жүздің игі жақсылары Қарақұмда бас қосып, жауға қарсы бірігуге келісті. Бұл Құрылтай-қазақ халқының бірлігі мен тұтастығын қалпына келтірген шешуші кезең болды. Орталық қолды басқару Әбілқайыр сұлтанға жүктелді. Шешуші шайқас Ұлытау өңірінде Бұланты – Білеуіт өзенінің алқабында Қарасүйір деген жерде болды. Аңыз-әңгімелер мен тарихи деректерге сүйенсек, үш жүзден жиналған сарбаздар жаудың сағын сындырып, жоңғар мен қалмақтың біріккен қолын тас-талқан етіп жеңген. Бұл жеңіс елдің еңсесін тіктеп, рухын көтерді. Жау қолында кеткен жерлерді қайтару, егемендік үшін күресті жалғастыру жолында халықты бір мақсатқа жұмылдырды. Бізді бүгінгі бейбіт күнге жеткізген Тәуелсіздіктің рухани негізін осындай ұлы тарихи оқиғалар бекітті. Бүгінде егеменді еліміз — халқымыздың ғасырлар бойғы азаттық жолындағы күресінің жемісі.

Бұл ұлы жеңістің маңызын Бескере отырып, 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Бұланты шайқасы өткен тарихи жерде «Бұланты шайқасы» мемориалдық кешені бой көтерді. Бұланты шайқасы, оған арналған мемориалдық кешен — өткенге тағзымның, бүгінгіге береке тілеп, болашаққа сеніммен қараудың айқын символы. Бұл — ұлттық тарихқа деген құрметтің жарқын көрінісі. Кешеннің ашылуы тарихи әділеттілікті қалпына келтірумен қатар, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің, ұлттық мұраны ұлықтаудың және болашаққа жеткізудің маңызды құралына айналды.

2027 жылы бұл шайқасқа 300 жыл толады. Сол жолда құрбан болған бабалар ерлігі мен елдіктің нышаны — Бұланты шайқасы мәңгілік ұмытылмауы тиіс. Сондықтан бұл тарихи оқиға мемлекет тарапынан кенінен дәріптеліп, елдің рухани дамуына жолашатын үлкен бастама деуге толық негіз бар.

Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі, профессор;
Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,
өлкетанушы

ҰЛТТЫ САҚТАҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС

Ұлытау — тәуелсіз Қазақстан тарихында өшпес із қалдырған тағдырлы оқиғаларға бай мекен. Сол тарихи кезеңдердің ең маңыздысы — қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы тұрып, елдігін, бірлігін, жерін қорғауы. Бұл тек мемлекеттің емес, тұтас ұлттың, оның тілі мен мәдениетінің, салты мен дәстүрінің тағдырын шешкен ұлы тарихи белес болды. Осы сындарлы заманда, 1727 жылы қазіргі Ұлытау өңіріндегі Бұланты өзені бойында, үш жүздің батырларынан құралған қазақ жасақтары мен жоңғар-қалмақтың біріккен қолы арасында шешуші шайқас өтті. Бұл — қазақ сарбаздарының бірігіп жауға күйрете соққы берген алғашқы ірі жеңісі еді. Бұл жеңістен кейін майдан кіндігі болған Білеуіт өзені «Қалмақ қырылған» атанды. Ал талайларды тамсандырып, аңызға айналған атышулы соғыс «Бұланты шайқасы» деп аталып, ұлт тарихында алтын әріппен жазылды. Бұланты шайқасы ұлт-азаттық күрестің бетбұрысты кезеңіне айналды. Тарихшылар орынды атап өткендей, егер осы жеңіс болмағанда, бүгінгі ұлан-ғайыр қазақ даласында өзге мемлекеттің орнығуы әбден мүмкін еді. Қазақ халқы ұлт ретінде жойылып, тарих сахнасынан мүлде жоғалуы да ықтимал болатын. Өлшеусіз тарихи маңызы бар бұл жеңіс жайлы Мұхтар Мағауин былай деген еді: «Егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ Ордасы осыдан үш жүз жыл бұрын мүлде тозып құрып біткен, Ноғай Орда-сының кебін киері анық-ты». Бұл кезеңнің басты оқиғалары тағы да жоңғар шапқыншылығымен тікелей байланысты болғандықтан, сол тұстағы қазақ-жоңғар қатынастарына сипаттама берелік.

Жоңғар хандығының шығысы мен оңтүстігіндегі көршісі — алып Цинь империясымен де олар әлсін-әлсін соғысып, олардың да жерін бірте-бірте жаулап алу саясатын жүргізгені тарихи шындық. Жаңа жайылымдарға деген қажеттілік жоңғарларды қазақ жеріне көз алартып, басып алуға итермелейді. 1635 жылы құрылған Жоңғария мемлекеті алғашқы күндерден бастап қазақ жеріне тонаушылық жорықтар ұйымдастырады. Батыр қонтайшы (1635-1653) тұсында қазақ — жоңғар арасында үш ірі соғыс болады. Олардың 1635, 1643 және 1652 жылдары болғаны тарихтан мәлім. Сенге қонтайшы тұсында (1653-1670) екі жақ арасында ірі соғыстар тарихта тіркелмеген. Ал Галдан Бошокту тұсында Жоңғарияның әскери агрессиясы барлық көрші елдерге бағытталады. Қытаймен соғыса отырып, ол Шығыс Түркістан — Қашқарияны бағындырады, 1680-1683 жылдары Сайрам қаласы түбінде қазақтармен соғыс жүргізеді, Ош пен Андижан өңірлеріне тонаушылық

жорықтар ұйымдастырады. 1697 жылы Сенгенің ұлы Цеван Рабданның жоңғар тағына келуімен қазақ-жоңғар қатынасы күрт өзгеріске ұшырайды. Егер де Цеван Рабданға дейінгі екі жақ арасындағы қақтығыстар негізінен тонаушылық сипатта болса, жаңа қонтайшы ол қатынасты басқыншылық сипатқа ауыстырады. Міне, осы жылдарда қазақ халқының батыр ұландары өз қолбасшыларының бастауымен жер үшін, ел үшін жан аямас қан майдандарға шығады. XVII ғасырдың соңы — XVIII ғасырдың 60-жылдарына дейінгі қазақ батырларының бәрі жоңғарлармен болған соғыстарда көзге түсіп, батыр атанады.

Бірнеше мыңжылдық Қазақ Елінің тарихында әр дәуірдің алатын өз орны бар. Хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңге XV ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі уақыт жатады. Дәуір — Қазақ хандығының тарих мінберіне көтерілуімен басталса, XIX ғасырдың 20-жылдарының бірінші бөлігінде тарих көшінде қалумен аяқталады. Үш жарым ғасырдан астам уақыт өмір сүрген Қазақ хандығы өз тарихында екі үлкен кезеңге бөлінеді. Біріншісі — бір орталықтан басқарылатын хандық кезең, ал екіншісі — Қазақ мемлекетінің бытыраңқылық кезеңі. XVIII ғасырдың басында Тәуке ханның қайтыс болуымен хандық дәуірдің бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезеңі басталады. Қазақ тарихында «алтын ғасыр» немесе «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман деген атауға ие болған Тәуке ханның билігі ол қайтыс болғаннан кейін қазақтар үшін сағымға айналып кетеді. Тәуке ханнан соң билікте болғандар Есім ханның бір ұрпағы Қайып хан, одан кейін Тәукенің үлкен ұлы Болат хан қазақ қоғамындағы

Өлшеусіз тарихи маңызы бар бұл жеңіс жайлы Мұхтар Мағауин былай деген еді: «Егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ Ордасы осыдан үш жүз жыл бұрын мүлде тозып құрып біткен, Ноғай Ордасының кебін киері анық-ты».

ішкі саяси қайшылықтарды ретке келтіре алмады. Орталық атқарушы билік әлсіз болғандықтан, жер-жердегі беделді сұлтандар өздерін хан деп жариялап, дербес саясат жүргізе бастайды. Кіші жүзде Әбілқайыр хан, Ұлы жүзде оның туысы Жолбарыс хан Тәшкенде отырып, дербес билеуші атанады. Түркістанда Болат ханнан кейін Тәуке ханның ұлы Сәмеке хан, ал одан кейін Болаттың ұлы Әбілмәмбет хан билікте болып, олар бар болғаны Орта жүздің ру-тайпаларына билік етеді. Сол себепті оларды Орта жүз хандары деп атайды. XVIII ғасырдың 20-40 жылдары Қазақ мемлекетінің орнында үш саяси құрылым пайда болса, олардың ішкі саяси жағдайы да берік бола алмады. Кіші жүзде Әбілқайыр ханның саяси қарсыласы Қайып ханның ұлы Батыр сұлтан шекті, шөмекей руларын басқарып, Кіші жүз ханына бағына қоймайды. Ол Әбілқайыр ханның басты қарсыласы Барақ сұлтанның жағында болаы. Орта жүздегі саяси жағдайға келсек, мұндағы жағдай Кіші жүздің жағдайынан әлде қайда ауыр болатын. Әбілмәмбет хан негізінен арғын руларына арқа сүйесе, Сәмеке ханның ұлдары Сейіт хан Түркістан қаласы мен оған іргелес елді мекендерде билік жүргізіп, Әбілмәмбет ханмен тайталасқа түседі. Осы жылдарда Орта жүздің тағы бір ірі саяси тұлғасы Барақ сұлтан Орта жүздің найман, қоңырат, қаракесек руларын бас-

лиханов былайша сипаттайды: «XVIII ғасырдың алғашқы онжылдықтары қазақ халқы үшін өте қиын уақыт болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар казактардың ұлыстарын жан-жақтан талап, малын айдап әкетіп, адамдарын отбасыларымен бірге тұтқынға әкетіп отырды. Қыстың аяздары мен аштық құдайдың жіберген сынағы тәрізді, халықтың қасіретін одан әрі қиындатып жіберді. Орынборда болған казактың бір рубасы халқының жағдайын бір топ тазыдан қашып келе жатқан қоянға теңеген». Бұл жағдай «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары қарсаңында қазақ еліндегі қалыптасқан жалпы саяси жағдайдың қандай екенін көрсетеді.

1723 жылғы жоңғарлар жорығы ерте көктемде тосыннан басталады. 30 мыңдық жоңғар әскерін қонтайшының ұлы Шоно-Лоузан басқарады. Ол Жетісу бойымен, Талас, Арыс өзендерінің аралығындағы қазақ ауылдарын жазықсыз қырып жояды. Жоңғар әскерінің бір тобы Әулиеата тауы маңындағы Шыршық өзені алқабында қоныс тепкен қазақтарға бағытталады. Жорық барысында бес мыңдай қазақ қолға түсіріліп, Жоңғарияға әкетіледі, көп адам қаза табады, ал аман қалғандары жоңғар әскерлерінің тонаушылығына ұшырайды, салық төлеуге мәжбүр болады. Жоңғар әскерлері мал бағушы қазақтардың қоныс-



ИГІЛІК

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Қонаев қаласындағы Б. Соқпақбаев атындағы орталық саябақ сахнасында Спорт күніне арналған мерекелік кеш өтті. Бір алаңда олимпиада жүлдегерлері, әлем чемпиондары, спорт ардагерлері, жаттықтырушылар және жас спортшылар бас қосты.

Мереке Жақсылық Үшкөптің аңызға айналған жеңісін бейнелеген театрландырылған қойылыммен ашылды. Одан кейін спорт ардагерлері, жаттықтырушылар және денешынықтыру мен спорт саласының мамандары марапатталды.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев спортшылардың жетістіктері жүйелі қолдаудың нәтижесі екенін атап өтті: «Спорт — ұлт рухын көтеретін күш. Өңірде спорт саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Жоғары нәтижелерге қол жеткізген спортшылар ай сайынғы стипендия алады, ал енді «Алатау» клубы жұмысының арқасында қосымша төлемдер де беріледі. Сонымен қатар спорт саласының мамандары мен үздік спортшылар Отбасы банк арқылы жеңілдетілген ипотекалық несие рәсімдей алады. «Алатау жастары» өңірлік ипотекалық бағдарламасы арқылы 100 жас отбасы өз баспанасына ие болды. 2025 жылдан бастап бұл бағдарлама «Алатау» атауымен жаңартылып, жастар үшін арнайы квота бөлінді. Бұл — олардың еңбегіне берілген лайықты баға әрі жана жеңістерге ынталандыру», — деді өңір басшысы.

Соңғы жылдар өңір үшін жарқын жетістіктерге толы болды: Париж Олимпиадасында Демеу Жадраевтың күміс медалі, Харбинде өткен қысқы Азия ойындарында Асет Дүйсеновтің жүлделері, сондай-ақ боксшылар мен ауыр атлеттердің Азия және әлем чемпионаттарындағы алтын жеңістері. Бұқаралық спорт та қарқынды дамуда. 2024 жылдан бері «Алатау лигасы» аясында ауылдық округтерде 140 клуб ашылып, футбол, баскетбол, волейбол және үстел теннисі бойынша 318 команда құрылды. Жоба жана жұлдыздарды анықтап, мыңдаған тұрғынды салауатты өмір салтына баулып келеді.

Салтанатты шараға арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларға арналған облыстық



Жастардың ЖАСАМПАЗ РУХЫ

қолдау орталығының тәрбиеленушілері де қатысты. Олар үшін белгілі спортшылармен кездесу ерекше оқиға болды — балалар қуана тілдесіп, суретке түсіп, көргендерінен әсерлі эмоцияларын бөлісті.

Қонаевтағы мерекелік кеш өңірде спорттың кәсіби және бұқаралық деңгейде бірдей дамып келе жатқанын тағы бір дәлелдеді. Ол жастарды шабыттандырып, тұрғындарды мықты, белсенді және салауатты болуға ортақ мақсат төңірегінде біріктіріп отыр.

Алматы облысында 35 жасқа дейінгі шамамен 430 мың жас тұрады, олардың 80%-дан астамы — ауылдық жерде, 136 ауылдық округте. Ауылдарда жастармен жастар ісі жөніндегі нұсқаушылар жұмыс істейді — олар мемлекеттік саясатты ауыл деңгейінде жүзеге асыратын негізгі буын.

Өңірде алғаш рет үздік мамандарды анықтап, ынталандыруға бағытталған Umylys байқауы өтті. Іріктеу кезеңінен кейін 44 қатысушы финалға жолдама алды, олардың арасынан комиссия 8 жеңімпазды анықтады. Меценаттардың қолдауына ие болған олардың жобалары жыл соңына дейін жүзеге асырылады. Жеңімпаздарға салтанатты жағдайда қаржылай сертификаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев белсенді жастар ортасын дамытуға және әлеуметтік капиталды нығайтуға қосып жатқан үлесін атап өтті.

ғына орай шығармашылық кештер, спорттық шаралар, зияткерлік ойындар мен челленджер, сондай-ақ «Ізгі істер марафоны» және «Таза Қазақстан» аясында қайырымдылық және экологиялық акциялар өтті. Балқаш, Жамбыл, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр аудандарында белсенділерді марапаттау рәсімімен өтетін фестивальдар ұйымдастырылады. Мерекенің шарықтау шегі — танымал қазақстандық орындаушылар қатысатын Aspan Fest ашық аспан астындағы концертті болмақ. Жастар күні аясында өңірде 50-ден астам іс-шара — спорттық турнирлерден бастап, тренингтер мен қайырымдылық акцияларына дейін өтеді. Оларға 50 мыңнан астам қатысушы жиналады. Мақсат — талантты әрі бастамашыл жастарды қолдау,

осындай орталық іске қосылады.

Қонаев қаласындағы орталықтың маңызы ерекше — бұл жаңа облыс орталығында пилоттық жобалар іске асырылатын алаңға айналды. Мұнда облыстық Жастар ресурстық орталығы орналасқан, ол жастар саясатын үйлестіретін орталыққа айналды. Ашылған күннен бері орталыққа 12 мыңнан астам адам келіп, күніне 30-40 жас тұрақты түрде қатысуда.

NEET санатындағы (оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіптік даярлықтан өтпейтін) жастармен де жүйелі жұмыс атқарылуда. 2025 жылдың II тоқсанының қорытындысы бойынша NEET-жастар үлесі 6,2%-ға (27 459 адам) дейін төмендеді — бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,7% немесе 5925 адамға аз. Мәселені жүйелі шешу үшін облыстық штаб құрылып, NEET-жастардың цифрлық картасы жасалды, әр аудан мен округке нақты КРІ және кешенді жоспарлар белгіленді. Басымдық —



2024 жылдан бері «Алатау лигасы» аясында ауылдық округтерде 140 клуб ашылып, футбол, баскетбол, волейбол және үстел теннисі бойынша 318 команда құрылды.

«Өңірімізде бірқатар маңызды бағдарлама сәтті іске асырылып жатыр: жас мамандарға арналған «Алатау жастары» жеңілдетілген ипотекасы, ғылым, мәдениет, спорт және инновация саласындағы жобаларға арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» және «Занғар» гранттары, сондай-ақ ауыл жастарына төмен пайыздық мөлшерлемесімен несие беретін «Ауыл аманаты» бағдарламаларының нәтижелі болғанын ерекшеліп айтуға болады», — деп атап өтті Қуат Байғожаев.

Жастар инфрақұрылымы да дамып келеді: Қонаев қаласында, Кеген, Райымбек және Балқаш аудандарында жаңа жастар ресурстық орталықтары ашылды, жыл соңына дейін мұндай орталық Қарасай ауданында да іске қосылады. Бұл алаңдар белсенді жастар үшін оқуға, дамуға және өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орталыққа айналды.

Айта кетейік, облыста Жастар күні 10 тамызда — Абай күні басталды. Ұлы ақынның 180 жылды-

көшбасшылық пен волонтерлікті дамыту.

Алматы облысында жастармен өзара іс-қимылдың жаңа моделін қалыптастыру бойынша жүйелі әрі бірізді жұмыс жүргізілуде. Негізгі басымдық — жастардың өзі-өзі дамытуына жағдай жасау, инфрақұрылымды дамыту, жастар бастамалары мен жобаларын қолдау, сондай-ақ маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу: жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру, NEET санатындағы жастарды тарту, кәсіпкерлік пен волонтерлікті дамыту.

Облыстың әкімшілік реформаларынан кейін жастар саясаты мәселелері басқармасы аймақ жастарын қолдайтын тиімді экожүйе құру бойынша белсенді шаралар қабылдауда. 2024 жылдың басынан бері Қонаев қаласында, Кеген, Райымбек және Балқаш аудандарында заманауи жастарға арналған коворкинг-орталықтар ашылды. Жыл соңына дейін 85 мыңнан астам жас тұратын Қарасай ауданында да

жастар көп шоғырланған қала маңы аудандарға беріледі. Нәтижелі жобалардың бірі — базарларда еңбек келісімшартынсыз жұмыс істейтін бейресми жастарды тартуға бағытталған «Мүмкіндіктер керуені». 22 сауда нүктесіне пайдалы ақпаратпен QR-кодтар орнатылып, 578 жас кеңес алып, 112-сі ресми еңбек шартын жасасты. Маңызды бағыттардың бірі — «Жасыл ел» бағдарламасы. Соңғы үш жылда 3 мыңнан астам жас уақытша жұмыспен қамтылды, оның 2 мыңнан астамы — ауыл жастары. 2025 жылы тағы 1000-нан астам жасты еңбекке тарту көзделуде.

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында Алматы облысы республикалық «Ізгі істер» марафонында 1-орынға ие болды. Бүгінде өңірде аудандар мен шалғай округтерді қоса алғанда, 10 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Ауылдық жерлерде 136 әдіскер-нұсқаушы жастар саясатын іске асырумен айналысып, бірыңғай стандартты енгізуге және жобаларды үйлестіруге көмектесуде. Алматы облысы жастар саясатын дамытуда жүйелі тәсілді ұстанып, қолжетімділік, тиімділік және белсенділік қағидаттарына сүйенеді. Барлық қабылданған шаралар өңір мен ел болашағының негізі болатын білімді, бәсекеге қабілетті және белсенді жас ұрпақты қалыптастыруға бағытталған.

Асыл ТҰМАР



ДАМУ

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Көгершін ауылындағы Ақтоған шағын орталықты мектеп оқушыларының ойлап тапқан жобасы мал шаруашылығына бағытталған. Көгершін ауылы аты әлемге танымалға Абсент сәйгүлігімен белгілі болса, мұндағы жастар осы асылтұқымды жылқы шаруашылығын мықтап дамытуды көздеп отыр. Мектеп оқушылары жылқы фермаларында жұмыс істейтін малшылардың ауыр еңбегін көріп, информатика пәнінен дәріс беретін мұғалімімен бірге «Ақылды ферма» жобасын әзірлеп шығарған. Бұл жобалары республикалық Fibonacci Robot Olympiad байқауына қатысып, II орынды жеңіп алған.

— Былтыр ізденімпаз оқушыларымызбен бірге ғылыми жаңалықтарымызбен Алматы қаласында өткен республикалық байқаудан III орын алған едік. Кейін Астана қаласында ұйымдастырылған байқаудан II орынды олжаладық. II орынды жеңіп алған «Ақылды ферма» жобамыз негізінен жылқы шаруашылығын дамытуға бағытталған. Ауылымыз ертеден Абсент тұлпары арқылы аты әлемге танымал. Содан бері мұнда жылқы бағумен айналысатын бірнеше шаруа қожалығы бар. Онда жұмыс істейтін адамдар жылқыға жем-шөбін, суын беріп, астын қолмен тазалап ауыр бейнет шегеді. Осыны ескере отырып, оқушыларымыз ақылдаса келе сол малшылардың жұмысын жеңілдететін жоба әзірледік. Қазір бірнеше адам еңбектеніп жүрген фермада біз әзірлеген жобаны іске қосса, барлық жұмысты 2 адам ғана атқара алады. Себебі барлық жұмыс тетіктер арқылы іске асады. Тек 2 адам соларды бақылап жүрсе жеткілікті. Тіпті, беймезгіл уақытта ұры түссе немесе өрт шығып, әлде газ иісі сезілсе, бақылаушының ұялы телефонына белгі



АУЫЛ ЖАСТАРЫ «Ақылды ферма» ОЙЛАП ТАПТЫ

Озық ойлайтын жамбылдық жастардың бір шоғыры «Ақылды ферма» жобасын жасап, ауыл шаруашылығы саласына тың серпін әкелуде.

А Саятхан Сатылған,
Жамбыл облысы

беріледі. Адамға хабар бере отырып, тетіктер құтқару жұмыстарын өздері атқара береді. Яғни, ешкімді күтіп отырмайды. Бұл — уақытты жоғалтпай, шығынға ұрындырмай, қауіптің алдын алу деген сөз. Бұдан бөлек, фермадағы күнделікті үздіксіз жүргізілетін малдарға жем-шөбін, суын беру, астын тазалау, іші ысыса желдеткішті қосу сынды жұмыстар автоматты түрде жүзеге аса береді. Бұл жобамызды ауылдағы қожалық иелеріне көрсетіп, олар қызығушылық танытып, бізге роботтар дайындауға көмектесеміз деп

қуантты. Алдағы уақытта осы «Ақылды ферма» еңбек нарығына еніп, ауыл шаруашылығымен шұғылданатын азаматтардың игілігіне жараса одан асқан арманымыз жоқ, — деді оқушылардың жана жобасына жетекші болған ұстаз Бағдат Баягизев.

Бекназар Маратбек, Қайыржан Орынбасар, Нұртас Балтабай, Темірхан Шәкен, Омар Қайыржан сияқты ізденімпаз балалар осылайша өз идеяларын жан-жақты дамыта отырып, елге пайдасы тиер іс жасағысы келеді.

Айта кетейік, «Ақылды ферма» жобасын әзірлеуде информатика пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Мұрасбек Байшемиров те ерекше үлес қосқан.

— Қазір білім, ғылым жолында ізденетін жастарға қолдау аз емес. Соның нәтижесінде жемісті жобалар жүзеге асуда. 2018 жылы

мектебімізде IT сыныбы ашылған болатын. Сол сыныпта оқушыларға сабақ өтумен қатар, робототехника бойынша ғылыми жоба дайындап, жеке ізденемін деген балаларға мүмкіндік берілуде. Мектеп оқушыларының ғылыми жобалар жарысынан олжалаған жеңістері — білімге деген құштарлықтың, үздіксіз еңбектің және нағыз ұжымдық рухтың жемісі. Жас робототехниктеріміз болашақта үлкен табыстар мен жаңа белестерді бағындырып, ғылымды тың қырынан таныта-

тынына бек сенімдімін, — дейді Мұрасбек Дүйсембекұлы.

Астана қаласында өткен республикалық байқауға 650 команда, 2000-ға жуық оқушы мен 250-ден аса мұғалім қатысқан. Осындай дүбірлі додада жоғары нәтиже көрсетіп, II орын алған Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің оқушылары «Көгершін» тобы атауымен бақ сынаған. Ал топ жетекшісі Нұрсұлтан Болатбек достарымен бірге ауылдастарының игілігіне жарайтын жана жобаларды дайындауға тағы ізденіс үстінде жүргендерін айтады.

— Робототехникаға 8-сыныптан бастап қызығамын. Бұл қызығушылығымды сыныптас досым оятты. Екеуіміз бірге инверсия және кубик-рубик құрастыратын роботтар жасап, облыстық жарыстарға қатысатынбыз. 8-сыныпты аяқтаған жылы жазғы

демалыста жана жоба жасамақшы болдық. Ойлана келе «Ақылды ферма» жобасы бойынша жұмыс істеуді жөн көрдік. Себебі ауылымызда жылқы шаруашылығымен айналысатын 4-5 қожалық бар. Сонда жұмыс істейтін малшылардың жұмысын жеңілдететін жоба құрастырсақ, көмегіміз тиер деген ой келді, — дейді топ жетекшісі Нұрсұлтан Болатбек.

Енді «Ақылды ферма» жобасын тарқатып айтатық болсақ, сыртында кілтпен ашылатын есік және қараңғыны сезетін, ультраныбысты датчиктер орнатылады. Сырттан қараңғыны сезген тетік іште жарықты қосады. Ал ультраныбысты тетік сырттан қандай да бір дыбысты сезгенде ішінен дабыл қағады, бұл малды ұры-қарыдан қорғау үшін жұмыс істейді. Ферманың ішіне кірсек, онда өртті, газды, ыстықты сезетін тетіктер бар. Газ бен ыстықты сезетін тетік бірден дабыл қағып, ауа желдеткішті іске қосады. Өртті сезетін тетік дабыл қағып, артқы қосымша есікті ашады. Сонымен қатар су деңгейін реттеуге, айналаны бақылауға, дыбысты естуге арналған тетіктер және монитор бар. Мониторда қай күн екені және ішкі температура көрсетіледі. Ал су деңгейін сезетін тетік, су жетіспеушілігін байқаса, су қосатын тетікке белгі беріп, су ағады.

— Айналатын тетік іштегі малға жем-шөпті өздігінен береді. Дыбыс еститін тетік малдың әэр немесе қи шығарғанын естіп, оны тартатын тетікке белгі беріп, бірден тазаланады. Міне, осындай автоматты тетіктерден тұратын «Ақылды ферма» жобамыз малшылар үшін таптырмас көмекші бола алады, — дейді Нұрсұлтан.

Өнертапқыш шәкірттер енді Түркияда өтетін халықаралық робототехника байқауында бақ сынаиды.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЕНГІЗГЕН АЛҒАШҚЫ КОЛЛЕДЖ

Қарағанды қаласындағы техникалық-құрылыс колледжі — өңірде инклюзивті білім беруді алғаш енгізген оқу орындарының бірі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін бейімделген бағдарламалар, педагогикалық қолдау және қолайлы оқу ортасы жасалған.

А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қазір колледжде 82 студент ерекше білім беру бағдарламалары бойынша оқиды. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында колледж «Дала Skills» сияқты ірі кәсіби конкурстар мен іс-шаралар өткізді, оған ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер де қатысты.

— Жұмысшы мамандықтар жылы аясында қарағандылық жастар техникалық және кәсіптік білімді саналы түрде тандай бастады. Бүгінде жұмысшы мамандықтар тек сұранысқа ие болып қана қоймай, бұрынғы беделін қайта қалпына келтіріп, кәсіби және жеке дамуға жаңа мүмкіндіктер ашады, — дейді колледж директоры Әсел Сапарова.

Мұнда студенттер 15 бағыт бойынша дайындалады: сәулет, құрылыс, дәнекерлеу ісі, ландшафттық және өнеркә-

сіптік дизайн, ақпараттық қауіпсіздік, жиназ өндірісі және тағы басқа мамандықтар бар.

Колледждің шеберханалары мен зертханалары заманауи жабдықтармен жабдықталған, бұл студенттерге жоғары дәлдіктегі дәнекерлеу, BIM жобалау және басқа практикалық жұмыстарды меңгеруге мүмкіндік береді.

— Бүгінде студенттеріміз кәсіби білім алып, болашаққа сенімді қадам жасай алады. Біздің түлектердің 80-85%-ы оқу бітірген соң бірден жұмысқа орналасады. Жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылық артып келеді, сол арқылы колледждің мәртебесі де өсуде. Тек биыл мемлекеттік тапсырыс бойынша 390 студент қабылданды, былтырғы жылмен салыстырғанда 50 адамға көп. Бұл сапалы техникалық білімге сұраныстың артқанын көрсетеді, — дейді оқу орны басшысы.



Колледж дуальді білім беруді белсенді дамытып, облыстың жетекші кәсіпорындарымен ынтымақтастық орнатқан. Оқу өндірістік ортаға жақын жағдайда жүргізіледі: 1-курс студенттерінен бастап заманауи жабдықтармен жұмыс істеу тәжірибесін алады. Бұл оларға тек теориялық білім емес, өндірісте практикалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Колледждің серіктестері қатарында «ЦентрЭнергоМеханизация», Prof Invest, «Барусан Машина Қазақстан», Alina Group, «ЖАККО Кара-

ганда», «Сантехпласт» және өңірдің басқа жетекші кәсіпорындары бар.

Студенттер мен түлектердің жетістік тарихы — алған сапалы білімнің айқын дәлелі. Мысалы, колледж түлегі Асанәлі Батыршин өз ісін бастап, қазір 25 адамнан тұратын бригаданы басқарады, ішкі әрлеу жұмыстарын орындап, мемлекеттік тапсырыстарды жүзеге асырады. «Колледж маған кәсіби база мен сенімділік берді. Бүгін мен құрылысшы ғана емес, өз жеке бизнесім бар кәсіпкермін, — дейді Асанәлі.

ТАНЫМ

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Көктем
ҚАРҚЫН

Әуекөлігі — қазіргі заманның ең жылдам әрі қауіпсіз транспорт түрі саналады. Халықаралық әуекөлігі қауымдастығының (IATA) дерегінше, әуеапатының ықтималдығы шамамен 1,2 миллион сапарға бір рет қана келеді. Дегенмен «сирек» деген сөз «болмайды» дегенді білдірмейді. Әлемде жыл сайын орта есеппен 70-ке жуық ұшақ апаты тіркеледі екен. Ендеше әрбір апаттың артында нақты себеп бар, ал ол себептерді зерттеу — болашақта қайталанбауына кепіл береді. Ал статистика әуеапаттарының 70-80 пайызы адам қателігінен болатынын көрсеткен.

ӘУЕДЕГІ АПАТҚА
НЕ СЕБЕП?

Жалпы, жолаушылар ұшағы әуеге көтерілгенде, ол көліктегі сияқты «кез келген бағытпен» ұша алмайды. Әуеде әр ұшақтың өз «әуедәлізі» (airway) болады. Бұл — алдын ала белгіленген, картаға түсірілген әуежолы. Ал әуекозғалысын басқару орталығы ұшақтардың бағытын, биіктігін, жылдамдығын реттейді. Ұшу барысында диспетчерлер ұшқыштармен радиобайланыс арқылы үнемі хабарласып, маршрутты, биіктікті және уақытша нүктелерді бекітіп алады. Олар ұшақтың траекториясын қадағалап, қажет болса бағытын өзгертеді. Мысалы, ауа райына байланысты немесе басқа ұшақпен қауіпті жақындасу болса бірден диспетчер ұшқышқа мәлімдейді. Әр ұшақ белгілі бір биіктік қабатында ұшады. Айталық, бір бағыттағы ұшақтар 10 000 метрде, ал қарсы бағыттағы ұшақтар 11 000 метрде ұшады. Бұл — соқтығыстың алдын алудың негізгі тәсілі. Радиолокациялық жүйелер мен заманауи ADS-B технологиясы арқылы диспетчерлер әр ұшақтың нақты орнын, жылдамдығын экраннан көреді. Яғни, диспетчер — әуедегі «жол полициясы» ғана емес, бүкіл әуекозғалысының «дирижері». Оның нұсқауын орындау — ұшқыш үшін міндет. Бірақ ұшақ апатына осы адами факторлардың әсер етуі әбден мүмкін. Атап айтсақ, 2002 жылы Германия — Швейцария шекарасында Überlingen апаты болды. Бордағы 71 адам, оның ішінде 52 бала қаза тапты. Апаттың негізгі себебі, диспетчер жалғыз жұмыс істеп, дер кезінде екі ұшаққа да қауіп туралы

Қазақ ұзақ жолға шыққан адамға аса құрметпен қараған. Себебі қара жердің ұшы-қиыры жоқ, жазда аптап, қыста ызғар, жолда тосын жаңбыр мен боран — бәрі де жолаушының сынағы. Дәл осындай қым-қиғаш қара жол жер бетінде ғана емес, аспан әлемінде де бар. Worldmetrics сайтының мәліметінше, күн сайын әуеде 150 мыңнан астам рейс орындалады. Асфальттағы көлік апаты сияқты, көкте де ұшақ апаты жиі тіркеледі. Бірақ олардан аман қалғандар аз...

«Періштесі
қаққан»

ЖАНДАР

Апатқа ұшқыштың қону кезінде биіктікті кате есептеп, ұшақты тауға бағыттап жібергені себеп. Адами факторлармен қоса, әуедегі келеңсіздікке техникалық ақаулар да әсер етеді. Өйткені ұшақ — жүз мыңдаған бөлшектен тұратын аса күрделі құрылғы. Оны үнемі тексеру мен қызмет көрсету талап етілсе де, техникалық ақаулардың алдын алу әрдайым мүмкін емес. Сонымен қатар ұшақ апатына, ауа райының тосыннан бұзылуы, құстардың қозғалтқышқа түсуі де әсер етеді.

АПАТТАН АМАН
КАЛУДЫҢ ЖОЛЫ

Соңғы онжылдықта болған әуеапаттарының шамамен 90 пайызында кем дегенде бір адам



ескертпеді. Салдарынан, Swissair жүк ұшағы мен Bashkirian Airlines жолаушылар ұшағы соқтығысты. Бір ұшақтағы TCAS (әуе соқтығысын болдырмау жүйесі) нұсқау берсе де, ұшқыш диспетчерге сеніп, соның нұсқауын орындаған. Осыдан кейін, TCAS жүйесі берген нұсқаулардың басымдылығы халықаралық ережелерде бекітілді. Ал 1997 жылы АҚШ территориясында Korean Air 801 ұшағы апатқа ұшырап, 228 адам мерт болған.



тірі қалған. Ұшақтағы жолаушының аман қалуына, экипаж нұсқауын орындау, құтқару жұмыстарының жылдамдығы мен отырған орны да әсер еткен. Мысалы, былтыр 25 желтоқсанда Azerbaijan Airlines әуекомпаниясының ұшағы Ақтауда құлап, 38 адам қаза тапқаны естеріңізде шығар. Тірі қалған 29 адамның бірі Нурулла Сираджовтың есінде ұшақ құлар алдында не болғаны бүге-шүгесіне дейін қалыпты. Оның айтуынша, Бакуден ұшып шыққаннан кейін шамамен 40 минут өткенде қатты сокқыны сезген: гүрс еткен дыбыс естіліп, ұшақ шайқалып кеткен. Шошып кеткен жолаушылар айғайлап, азан-қазан болған.

— Аяғым қатты ауырып кетті, құлды жараланып қалғандай сезіндім. Қолыммен ұстап көріп едім, ештеңе байқамадым. Адамдар орнынан тұрып, әйелдер жылай бастады. Стюардессалар: «Қорықпаңыздар, орындарыңызға отырыңыздар» деп жұртты сабырға шақырды. Барлығы қайтадан орнына отырды, сол сәтте тағы бір сокқы сезілді. Бұл

жолы біріншісінен де қатты болды. Өзімнен бірнеше метр тұстан ұшақта тесік пайда болғанын көрдім, «қыр-қыр» етіп ауа кіріп жатқаны естілді.

Ұшақ жіпке ілінген зат құсап, біресе жоғары көтеріліп, біресе төмен түсіп, оң мен солға теңселіп, шайқалып кетті. Адамдар айғай-шуға басты. Мен ұшақтың құйрық жағында отырғам, — деді 71 жастағы Нурулла Сираджов.

Жолаушының осы сөзінен кейін, Қазақстанда ұшақтың артқы орындары бірден қымбаттап, жолаушылар арасында қызу пікірталас тудырған еді. Ақтаудағы әуеапаты әлемде құпиясы ашылмаған ірі істер қатарына жатады. Жалпы, осы уақытқа дейін ұшақ апатына қатысты жүздеген істің қорытынды есебі жарияланбаған. Халықаралық азаматтық авиация ұйымында жұмыс істеген алғашқы әрі әзірге жалғыз қазақ Абыл Кекілбаевтың айтуынша, осындай әуеапаттарының бәрін санап көргенде, артқы қатарда отырған 60 пайызға жуық адам өз өмірін сақтап қалған.

— Статистика бойынша ұшақ канаттарынан әрі қарай отырғандар аман қалған жағдай көп. Ұшақ аспанда жарылып, бөлшектері кетуі мүмкін. Ол кезде қай жерде отырсаң да аман қалу тек Алланың қолында. Бәрін санға әкеліп отырсақ, артқы қатардағы орындар ғана қауіпсіз деуге болмайды. Ұшақтың барлық жерінің қауіпсіздігі қадағаланған, — дейді Абыл Кекілбаев.



Халықаралық әуекөлігі қауымдастығының (IATA) дерегінше, әуеапатының ықтималдығы шамамен 1,2 миллион сапарға бір рет қана келеді. Дегенмен «сирек» деген сөз «болмайды» дегенді білдірмейді. Әлемде жыл сайын орта есеппен 70-ке жуық ұшақ апаты тіркеледі екен.

КӨРЕР ЖАРЫҒЫ
БАР ЕКЕН

Тарихқа көз жүгіртсек, бүкіл әлемді таңғалдырып, апаттан аман қалғандар баршылық. Оларды «періштесі қақты», «жолы болды» десек те болады. Атап айтсақ, 1971 жылдың 24 желтоқсанында Перу астанасы Лимадан Пукальпа қаласына қарай ұшып бара жатқан LANSA Airlines компаниясының Lockheed L-188 Electra ұшағына найзағай тиіп, ол Амазония үстінде бөлшектеніп кетеді. Бұл апатта 91 адамның 90-ы қаза тапты. Тірі қалған жалғыз жолаушы — небәрі 17 жастағы неміс-перу қызы Джулианна Кёпке. Джулианна

анасымен бірге Рождество мерекесін өткізу үшін әкесінің қасына бара жатқан еді. Ұшақ қатты турбулентті аймаққа кіргенде, төбеден найзағай ойнап, кенеттен қуатты жарылыс болады. Қыздың есінде қалғаны — қауіпсіздік белдігі тағулы күйде, орындығымен бірге 3 шақырым биіктіктен құлағаны. Ол орман жамылғысының қалың жаппырақтары сокқыны бәсеңдетіп, өмірін сақтап қалғанын кейін білді. Қатты жаракат алған Джулианнаның бір көзі ісіп, иығы шығып кеткен, денесі жаралы еді. Қасында тірі жан қалмағанын түсінген соң, ол ата-анасынан үйренген табиғатта аман қалу дағдыларын еске түсірді. Әкесі биолог болғандықтан, қыз жасынан джунгли өсімдіктері мен өзеннің бағыты туралы жақсы білетін. Ол апаттан кейінгі он күн бойы жаңбыр суын ішіп, жеміс-жидек пен ұсақ өсімдіктермен қоректенді. Үлкен өзенге қосылатын шағын жылғаны бойлай жүрді. Себебі адамдардың қонысы мен қайықтар әдетте су көздерінде болады деп ойлады. Оныншы күні өзен жағасында кішкентай қайық көрді. Онда бензин құйылған ыдыс болады. Джулианна бензинді жарасына құйып, құрт түскен жерлерді дезинфекциялайды. Ал бірнеше сағаттан кейін сол манда жұмыс істеп жүрген балықшылар оны тауып, ауруханаға жеткізді. Джулианнаның оқиғасы бүкіл әлемді таңғалдырды. Кейін ол Германияда зоолог мамандығын игеріп, табиғатты қорғау ісіне өмірін арнайды. Оның өмірбаяны When I Fell From the Sky (Аспаннан құлаған сәтімде) атты кітапқа айналды, ал оқиғасы туралы деректі фильмдер түсірілген.

13 жастағы француз Байя Бакари — 2009 жылы Комор маңындағы ұшақ апатынан аман қалған жалғыз адам. 2009 жылы 30 маусымда Байя анасымен бірге Airbus A310 ұшағымен ата-әжесіне ұшып бара жатқан. Ұшақ қонуға бірнеше минут қалғанда Үнді мұхитына құлады. Апат кезінде Байя ұйықтап жатқан, оның ойынша, ол қандай да бір жолмен иллюминатордан құлап кетті. Газеттер оның ақуалары бар Мозамбик бұғазында 12-14 сағаттай болғанын жазды, Байяның өзі өмірбаянында ол жерде 9 сағаттан артық болмағанын айтады. Бакариді балықшы құтқарып, оны Комор ауруханасына апарған. Одан басқа бортта 152 адам болған — ешкім аман қалған жоқ. Ол жайлы Стивен Спилберг фильм түсіргісі келді, бірақ Бакари бас тартқан.

Ал 2015 жылдың 20 қаңтарында Жамбыл облысында Олимп Air компаниясының Ан-2 ұшағы кенеттен апатқа ұшырайды. Ұшақта 7 адам болған: 4 жолаушы және 3 экипаж мүшесі. Бір қызығы әуеапатынан тек геолог Әсем Шаяхметова ғана тірі қалады. Айтуынша, ұшақ құлағанда қардың астына көміліп қалған екен. Соған қарамастан, күлдің арасынан ұшқыштың телефонын тауып құтқарушыларға хабар беріп үлгерген. Айдалада үскірік аязда қатты тоңғандықтан әріптестерінің өлі денесін құшақтап жылынып отырыпты.

Осындай түрлі оқиғаны естігеннен кейін көп адам әуекөлігіне отырудан қорқады. Мұны ғылым тілімен «авиафобия» деп атап жүріміз. Мұндай фобиясы бар адамдарда ұшар алдында жүрек қағысы жиілеп, демі тарылып, қол-аяғы дірілдейді, ал ойына ұшақ апаты туралы бейнелер жиі келеді. Бірақ адамзаттың ұшақтан ешқашан бас тартпайтыны анық. Себебі әуекемесі кезінде жыл он екі айда жететін құрлықтардың арасын бірнеше сағатта жалғайды...

ЕҢБЕК АДАМЫ

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Атыраулық Бауыржан Хасанұлы – елімізде жүзім шаруашылығын жаңаша серпінмен дамытып, оны халықаралық деңгейге шығаруға ұмтылып жүрген азамат. Оның тәжірибесі – отандық ауыл шаруашылығының ғылыммен ұштасқан үлгісі. Бүгінде 6 сотық жерді алып жатқан бақшасында 20 түп аналық жүзім бар. Солардан жыл сайын шамамен 2000 көшет алынып, еліміздің түрлі өңіріне жөнелтіледі. Тағы бір қызығы, Бауыржан – Қазақстанда алғаш жүзім фестивалін өткізген адам. Сортаң жерде жүзім өсіріп, ерекше кәсіпті серік қылған азаматпен сұхбат құрудың жуырда сәті түсті.

— Жүзім өсіруге қалай келдіңіз? Бұл кәсіпті таңдауыңызға не түрткі болды?

— Бір күні YouTube-тан бейне-ролик көріп, жүзім өсірудің өзі үлкен бір ғылым екенін түсіндім. Сол қарапайым ғана видео осы бақша шаруашылығына келуіме себепкер болды. Әрине, бұл салаға келу үшін бір видеоны көріп алу жеткіліксіз. Жүзім өсірмес бұрын, Ресей, Украина, Беларусь елдерінің мамандарымен байланысып, тәжірибе жинадым. Осы кәсіпте жүргеніме биыл тура 14 жыл толып отыр.

— Қандай жүзім сорттарын өсіресіз және неге дәл соларды таңдадыңыз?

— 2012 жылы Юбилей Новочеркасска, Нина, Ризамат, Зарево, Памяти Дженева, Красава, Алвика, Велика, Маникюр фингер, Днепровский сувенир, Виктор, Ризамат-Ата, Надежд Азос, Памяти Нигруля, Водограй, Кодрянка, Красотка, Аватар, Находка Калугина сынды өнімділігі жоғары, сыртқы көрінісі тартымды, дәмі ерекше жүзім сорттарын еге бастадым. Оған дейін Өзбекстаннан әкелінген жүзімдерді зерттеп, олардың еліміздің ауа райы мен топырақ ерекшеліктеріне қалай бейімделетінін тәжірибе жүзінде сынап көрдім. Жыл сайын 500 келіден астам өнім жиналады. Одан табиғи мейіз, шырын, жеміс қайнатпасы, тосап дайындалады.

Бұл — тек шаруашылық емес, бір жағынан экологиялық таза өнім өндірудің жолы.

— Құлсарының сортаң жерінде жүзім өсіру қаншалықты қиын?

— Шыны керек, Құлсарының жері сортаң, ал суы ашы. Мұндай жерде жүзім өсіру — нағыз тәуекел. Жүзім өсіру ісі оны екеннен кейінгі күтіммен ғана шектелмейді. Мен өзім арнайы шетелден әкелінген сорттарды жергілікті климатқа бейімдеп, әр түпке жеке күтім жасаймын. Жазда +50°C аптап ыстықта жүзім шөлдейді, ал қыста -30°C суықта үсіп кету қаупі жоғары. Сондықтан әр маусымда агротехникалық әдістер өзгеріп отырады.

Жүзімнің сапасы негізінен топырақ, климат, ылғалдылық, күн көзінің ұзақтығы сияқты факторларға тікелей байланысты. Осыған байланысты бұл салада «терруар» деген ұғым бар — ол жүзімнің өсу ортасының жалпы сипаттамасын білдіреді. Сол себепті бір сорт әр аймақта әртүрлі дәм береді. Мысалы, бір елде қышқыл болса, екіншісінде тәтті болуы мүмкін.



Жүзімге БӨЛЕК БАП КЕРЕК



Бір нәрсені екпес бұрын, адам ең алдымен ғылыми тұрғыда оның мән-жайын біліп алу керек. Сол сияқты, сортаң топырақпен

жұмыс істеудің тәсілдерін үйренбей тұрып, ештеңе өнбейді. Қазір өзім өсімдіктерге арналған 12 компоненттен тұратын тыңайтқыш өндіремін. Жердің құрамындағы макро және микроэлементтердің жетіспеушілігін ескеріп, арнайы тыңайтқыш жасап шығардым. Оны «Бақша соусы» деп атадым. Бұл өнім жүзім ғана емес, басқа да жеміс ағаштары мен сәндік өсімдіктерге пайдалы. Тыңайтқыш топырақты жұмсартып, тамыр жүйесін нығайтады, ал бұл өз кезегінде өнім сапасына әсер етеді.

— Жүзім — адам баласы өсіре бастаған ең көне жеміс түрлерінің бірі. Археологиялық деректер бойынша, оны 5000-6000 жыл бұрын Таяу Шығыста өсірген. Ежелгі мысырлықтар жүзімді шырын, шарап және емдік мақсатта қолданған. Әлемде 10 000-нан астам жүзім сорты бар екен. Оның ішінде тек 20%-ы ғана дастарқанға, ал 70%-ы шарап өндірісіне кетеді. Тағы бір қызығы, жүзім — жер мен судың дәмін бойына сіңіретін ерекше өсімдік. Франция, Италия, Түркия, Испания елдері жүзімді тек ауа райына емес, жер құрамына қарай таңдайды. Бұл шараптық сорттарда ғана емес, асханалық жүзімде де өте маңызды.

— Алдағы мақсаттарыңыз қандай?

— Басты арманым — Жылыой жерінен арнайы жер алып, жүзім шаруашылығын кеңейту. Мақсатым — Қазақстан нарығын толықтай отандық жүзіммен қамтамасыз ету, әрі қарай экспортқа шығару. Сонымен қатар жаңа сорттар шығару үшін зерттеу институтын ашу — басты ниетім. Бұл институт 15-20 жылдық жүйелі ғылыми жұмыс пен мемлекет қолдауын талап етеді.

2023 және 2024 жылдары қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан «Бауыржан жүзімдері» фестивалі халықтың зор ықыласына бөленіп келеді. Оның ең қадірлі қонақтары — мүмкіндігі шектеулі жандар, бұл шараның әлеуметтік маңызын одан әрі арттыра түседі деп те ойлаймын.

Қырғызстанда өткен халықаралық жүзім фестиваліне де қатыстым. Ол шараға әлемнің 32 елінен қатысушы келді. Осындай ауқымды іс-шарада Қазақстанның абыройын қорғағанымды мақтан етемін. Қалай десек те, ниет қойып кіріскен іс бәрібір нәтижесін береді.

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Қоғамдық көлік жүрмей қалса тұтас қаланың тіршілігі қараң қалатыны айдан анық. Олар — қала тіршілігінің көзге көрінбес тіректері десек қателеспейміз. Таң ала құзғынынан қала жұрты енді ояна бастағанда-ақ автобус жүргізушілері жолға шығып, күн батқанда соңғы жолаушыны жеткізгенге дейін тыным таппайды.

**Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
Ақмола облысы

Осындай қарапайым еңбек адамдарының бірі — Көкшетау қаласының тәжірибелі автобус жүргізушісі Бүркітбай Жүсіпбеков. Жүргізушілікке келгеніне биыл тура қырық жылға жуықтап қалған, ол қанша ұсыныс болса да, мамандығын өзгертпей, халыққа қызмет етуді өмірлік ұстанымына айналдырған.

Айыртау ауданының тумасы Бүркітбай аға әскерден оралған соң бірден Көкшетауға келіп,



автобус паркінде еңбек жолын бастапты. D санатындағы дәрежелі жүргізуші куәлігін алғаннан кейін 1986 жылы үлкен қоғамдық көліктің тізгіні сеніп тапсырылған.

— Балалық шағымнан-ақ техникаға қатты қызығатынымын. Үлкен автобусты жүргізу маған әрқашан аса қызық әрі зор мәртебе болды. Бұрын жалақысы да жақсы, жолаушылар да ілтипатты еді. Сәлемін беріп, алғысын айтып шығатын жан өте көп болатын. Қазір заман өзгерді, адамдар да әртүрлі, бірақ мен ешқашан

ЖОЛАУШЫЛАР АЛҒЫСЫ — МАРАПАТ

жолаушымен сөзге келмеймін, — дейді Бүркітбай Жүсіпбеков.

2000 жылдардың басындағы қаржылық қиындық кезінде бір жарым жылдық үзіліс болғанымен, кейіпкеріміз қайтадан сүйікті ісіне оралып, «Бірлік» мекемесінде электрші және жүргізуші қызметін қатар атқарыпты. Соңғы он бес жылдан астам уақыттан бері «Сейнұр» ЖШС автобус паркінде қажырлы еңбек етіп келеді.

Бүгінде Бүркітбай Жүсіпбеков күн сайын №8 және №22 бағыттарында жұмыс істейді. Қоғамдық

көлік жүргізушілерінің жұмыс күні өте ерте басталады. Жұрт шырты ұйқыда жатқанда кейіпкеріміз автобусын кезекті жұмыс күніне әзірлеп, жұмысын бастап кетеді. Автобус паркінде кейіпкеріміз еңбек ететін №8 бағытқа таңғы 06:55-те, №22 бағытқа тіпті 06.10-да жолға шығу қажет.

— Автобусты күн сайын өзіміз қарап шығамыз. Әрине, механиктер бар, бірақ көліктің жағдайын жүргізуші де толықтай білуге тиіс. Тіпті, өзіміз жуамыз, — дейді тәжірибелі жүргізуші.

Бүркітбай Жүсіпбековтің айтуынша, жолаушылар тасымалы саласында кадр тапшылығы аса қатты сезіледі.

— Бізде 30-40 пайыздан астам жүргізушілер — зейнет жасындағы

кісілер. Жастар бұл салаға өте аз келеді. Айтатындары — жалақы көңілден шықпайды және D санатын алу ұзақ әрі қиын. Бұл тек елімізде ғана емес, қазір шетелде де байқалады. Кей әріптестеріміз Чехия, Польшаға барып, сол жақта да автобус жүргізіп жүр, — деді ол.

Бүркітбай Жүсіпбеков биыл мерейлі 60 жасқа толмақ. Жанында — өмірлік жары, өрт сөндіруші болып қызмет ететін ұлы және сүйікті немерелері бар. Демалыс күндері бау-бақшаға қарап, азынаулақ шаруамен де айналысады.

Жылдар бойғы еңбегі үшін Бүркітбай Жүсіпбеков түрлі мекемеден алғысхаттар мен грамоталар да алған. Бірақ ол үшін басты марапат — жолаушылардың алғысы мен жылы сөзі.

— Жолда әрдайым жасыл жарық жансын. Үйде — береке, еңбекте — әділ бағалау, қалтада — жеткілікті нәпақа болсын, — дейді Бүркітбай Жүсіпбеков.

Кейіпкеріміздің өмір жолы — адалдық пен еңбекқорлықтың, мамандыққа деген шынайы махаббаттың айқын үлгісі.

МЕЖЕ

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

САҚТАНДЫРУ – САПАЛЫ ЕМ КЕПІЛІ

Шымкентте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі тиімді іске асып, тұрғындардың сапалы медициналық көмекке қолжетімділігі айтарлықтай артты. Соңғы жылдары қаладағы денсаулық сақтау ұйымдары заманауи медициналық жабдықтармен қамтылып, жоғары технологиялық оталар саны көбейді. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаудың және медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылықтарының айқын дәлелі. Жуырда өткен баспасөз туры аясында БАҚ өкілдері №1 қалалық клиникалық аурухананың жұмысы және МӘМС шеңберінде енгізілген жаңашылдықтармен танысты.

Аталған аурухана Шымкент қаласы мен оған жақын аудан тұрғындарына тәулік бойы мамандандырылған, жоспарлы және шұғыл медициналық көмек көрсетеді. 530 төсек-орынға лайықталған мекемеде тәжірибелі дәрігерлер – доценттер, медицина ғылымдарының кандидатары, жоғары және бірінші санатты мамандар қызмет етеді. Мұнда заманауи диагностикалық және емдеу құрылғылары, соның ішінде Arkau innovation ангиографиялық аппараты орнатылған. Бұл жабдық ауруларды ерте анықтап, жоғары дәлдіктегі араласу жасауға мүмкіндік береді. Аурухана базасында жүкті және босанған әйелдерге арналған мамандандырылған хирургиялық орталық жұмыс істейді. Сонымен қатар мұнда күрделі медициналық араласулар – панкреатодуоденальды резекциялар, бауыр мен өт жолдарына, асқазан-ішек жүйесіне, жамбас буындары мен сүйектеріне жасалатын оталар сәтті орындалуда.



Ең ірі жаңалықтардың бірі – Philips Azurion 7 B20 ангиографиялық жүйесімен жабдықталған операциялық блоктың ашылуы. Бұл жүйе ми тамырларына, инсульт кезінде шұғыл араласуға және нейрохирургиялық оталарға жоғары дәлдік береді. Жабдықтың құны 995 млн теңгеден асады, алайда ол

МӘМС аясында тұрғындарға тегін қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. МӘМС жүйесінің аркасында аурухана базасында 100-ге жуық буын эндопротездеу операциясы тегін жасалған. Әр отаның нарықтағы бағасы шамамен 1,5 млн теңге болса да, тұрғындар бұл көмекті сақтандыру есебінен алған. Эндопро-



тездер АҚШ-та өндірілген, сапасы жоғары медициналық өнімдер.

Аурухана бүйрек пен бауыр трансплантациясы бойынша да республикада алдыңғы қатарда. Бүгінге дейін 237 бүйрек және 32 бауыр трансплантациясы жасалып, барлығы сәтті өткен. Бұл науқастардың өмір сапасын түбегейлі жақсартып, екінші мүмкіндік сыйлады.

Қазір бүйрек пен бауырда жиналған тастарды хирургиялық араласусыз алу мүмкіндігі бар. Мұндай процедуралар жоғары дәлдіктегі литотриптор аппараты арқылы жасалады. Ол тастың тығыздығы мен көлеміне қарай (1500–1800 HU және 1,5–2 см) тиімді жұмыс істейді. Бұл жабдықтың ерекшелігі – елімізде тек осы ауруханада қолжетімді болуы. Сондықтан ем алуға Шымкентпен қатар, Тараз, Қызылорда, Алматы, Астана, Қостанай, Көкшетау өңірлерінен де науқастар келеді.

Шымкент қалалық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Бақытжан Абдуллаевтың айтуынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі халықтың сапалы емге қолжетімділігін арттырды. Бұрын миллиондап бағаланатын күрделі оталар бүгінде сақтандыру аясында тегін жасалуда. «МӘМС – тұрғындардың денсаулығын сақтаудағы сенімді қорған. Жаңа технологиялар мен жоғары білікті мамандардың арқасында біз көптеген ауыр дертті дер кезінде анықтап, тиімді емдеу мүмкіндігіне ие болдық», – дейді ол. Шымкенттегі №1 қалалық клиникалық аурухана – заманауи жабдықтар мен білікті мамандар шоғырланған орталық. МӘМС аясында мұнда тегін көрсетілетін жоғары технологиялық қызметтер тұрғындарға тек денсаулығын қалпына келтіруге емес, өмір сапасын жақсартуға да мүмкіндік беріп отыр.

Түркістан шаһарында еліміздің қоғамдық өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі – «Әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамдық белсенділік: азаматтық қоғамның қозғаушы күші» атты XII өңірлік азаматтық форумы өз мәресіне жетті. Бұл ауқымды жиын елдің түкпір-түкпірінен жиналған үкіметтік емес ұйымдар өкілдері мен қоғам қайраткерлерін, мемлекеттік орган басшыларын, сарапшыларды бір алаңға тоғыстырды.

Іс-шараның шымылдығы «Елге еткен еңбек» атты кітаптың тұсаукесер рәсімімен түрілді. Бұл еңбекте «Түркістан облысының Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар қауымдастығының өңірдің әлеуметтік-саяси өміріндегі орны, атқарған жұмыстары мен тәжірибесі баяндалады. Сондай-ақ арнайы дайындалған бейнеролик көрермен назарына ұсынылып, ұйымның жылдар бойы қалыптасқан жолы мен жетістіктері көрсетілді. Форумға Қызылорда, Жамбыл, Қостанай, Шымкент, Ұлытау,

АШЫҚ ДИАЛОГ – ДАМУДЫҢ ІРГЕТАСЫ



Қарағанды, Ақтөбе және өзге де облыстардан арнайы делегациялар келді. Азаматтық сектордың дамуына үлес қосып жүрген бұл өкілдер тәжірибе алмасып, ортақ мәселелер төңірегінде пікір алмасты.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев өз сөзінде бұл форумның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашылық еткен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының айқын кө-

рінісі екенін атап өтті. Оның айтуынша, азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы ашық диалог пен сенім – ел дамуының берік іргетасы.

– Форум – серіктестік пен өзара қолдаудың, тиімді байланыс пен ашық пікір алмасудың нақты үлгісі. Бүгінде Түркістан облысында 700-ге жуық үкіметтік емес ұйым тіркелген. Оның үштен бірінен астамы қалаларда, ал қалған бөлігі аудандарда қызмет атқарады. ҰЕҰ-дар білім,

мәдениет, әлеуметтік қолдау, экология, ауыл шаруашылығы сияқты түрлі бағытта белсенді еңбек етіп келеді. Мемлекет басшысының қолдауымен оларға бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын артып отыр. Бұл – бірлесе атқарылған еңбектің нәтижесінде өңір экономикасы тұрақты өсімге қол жеткізіп отырғанының дәлелі, – деді Ертай Кенжебекұлы.

Оның айтуынша, облыстың қысқамерзімді экономикалық индикаторы биыл қатарынан екі ай бойы республикада көш бастап тұр. Жартыжылдық қорытынды бойынша өсім 118%-ды құрады. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 723,3 млрд теңгеге жетіп, 13,5%-ға артқан. Ал ауыл шаруашылығында өндірілген өнім көлемі 253,9 млрд теңге болып, өсім 104,7% деңгейінде сақталды.

Форумда Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова, «Қазақстанның Аза-

маттық Альянсы» президенті Бану Нұрғазиева, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрайымы Ләззат Чинкисбаева, Түркістан облысының құрметті азаматы, қоғам қайраткері Жамалбек Шәріпбеков мазмұнды баяндамалар жасап, азаматтық қоғамның даму бағыттары, алдағы мақсаттар мен мүмкіндіктер жайында ой бөлісті.

Пленарлық секциялар барысында «Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы – бірінші кезеңнің қорытындылары және екінші кезеңге ұсыныстар», «Үкіметтік емес ұйымдар туралы және Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар туралы заң жобалары», «Заң және тәртіп – қоғамды шоғырландырудың негізі: ҰЕҰ-ның құқықтық ағартудағы рөлі», «Адал азамат» тұжырымдамасы: азаматтық жауапкершілік пен экономикалық өсім арасындағы байланыс» тақырыптары талқыланды.

Жиын соңында елдің бірлігі мен ынтымағын нығайтуға үлес қосып жүрген, мемлекеттік саясатты насихаттау ісінде белсенділік танытқан бірқатар үкіметтік емес ұйым өкілдері арнайы марапаттарға ие болды.

Бетті дайындаған Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

АЙМАҚ

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Қазақ даласында күздің алғашқы лебімен бірге диқандардың қызу еңбегі де басталады. Бұл – тек кезекті егін жинау науқаны ғана емес, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, миллиондаған адамның тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер ететін стратегиялық аса маңызды кезең. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым Жолдауларында ауыл шаруашылығын қолдаудың, техникалық және қаржылық қамтамасыз етудің, сондай-ақ салада тұрақты әрі тиімді даму тетіктерін қалыптастырудың маңызын ерекше атап келеді. Елдің ең басты астықты аймағы – Ақмола облысында биыл да бұл бағытта нақты тапсырмалар беріліп, жүйелі шаралар жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн...

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ҚАРҚЫН МЕН САПА ҚАТАР

Соңғы жедел деректерге сүйенсек, еліміздің 12 өңірінде егін жинау науқаны басталып, қарқынды түрде жүріліп жатыр. Бүгінде 1,1 млн гектардан астық жиналып, 1,6 млн тоннадан астам өнім бастырылған. Сондай-ақ 17,4 мың тонна майлы дақылдар, 363,5 мың тонна картоп, 1,3 млн тонна көкөніс және 1,6 млн тонна бақша дақылдары камбаға құйылды деген ақпарат тарады. Негізгі жиын-терім науқаны тамыздың үшінші онкүндігінен бастап бүкіл ел бойынша кең көлемде жүргізіледі деп жоспарланған.

АҚМОЛА

ДАЛАСЫНДАҒЫ

БЕРЕКЕЛІ НАУҚАН



зель отыны да бөлінгені мәлім болды. Бұл – нарықтағы бағадан 18-20 пайызға арзан.

ФЕРМЕРЛЕРГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ДЕМЕУ

Құзырлы министрлік мәліметінше, биыл көктемгі және күзгі дала жұмыстарына жеңілдетілген қаржыландыру көлемі 700 млрд теңгеге дейін ұлғайтылған. Бұл қаражат фермерлерге жылдық небәрі 5 пайыздық мөлшерлеменен

жинау жұмыстарына ерте қаржыландыру тетігі енгізілген еді. Биыл өтінімдер былтырғы 29 қарашадан бастап қабылданған. Нәтижесінде, 500 млрд теңгеге жуық қаржы сұратылған 7 543 өтінім түссе, оның ішінде 490,1 млрд теңге сомасына 7 485 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші қаржыландырылғаны анықталды. Бұл – 7,8 млн гектар егістік алқапты қамтып отыр.

Сонымен қатар «Даму» қоры кепілдік беру бағдарламасын іске асырып, кепіл мүлкі жеткіліксіз шаруаларға несиесомасының 85 пайызына дейін кепілдік берген. Осы арқылы 1 304 кепілдік рәсімделіп, жалпы көлемі 226,1 млрд теңге қаржы қолжетімді болғанын атап өткен жөн.

ОТАНДЫҚ АГРОСАЛАНЫҢ АЛДЫҢҒЫ ШЕБІНДЕГІ АЙМАҚ

Еліміздің астық қорындағы ең басым үлес Ақмола облысына тиесілі. Биыл мұнда ауыл шаруашылығы жұмыстарын үйлестірудің жаңа форматы енгізілді. Агрономиялық кеңес құрылып, тұқым сапасы мен агротехнологияларды сақтау қатаң бақылауда алынған.

Өңірде егіс алқаптарын әртараптан-дыру бойынша да айтарлықтай ілгерілеу бар. Жаздық егістің жалпы көлемі бүгінде 5,3 млн гектарға жетіп жығылған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 128 мың гектарға артық. Бидай алқабы кезең-кезеңімен қысқартылып (4 млн гектардан 3,8 млн гектарға дейін), майлы дақылдар 226,8 мың гектарға дейін кеңейтіліп отыр.

Көпжылдық шөптер мен жемшөп дақылдарының көлемі 18,3 мың гектарға өсіп, 336,6 мың гектарға жетті. Бұл – мал шаруашылығын сапалы азықпен қамтамасыз етудің маңызды алғышарты десек қателеспейміз.

Құзырлы сала органдарының дерегінше, облысқа 336 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізу жоспарланған, бұл өткен маусымнан 78 мың тоннаға артық. Қосымша мемлекеттік резервтен 12 млрд теңге бөлініп, жоспардың толық орындалуына жағдай жасалған.

Жаңа егінді сақтау мәселесіне де айрықша көңіл бөлінгенін атап кеткен жөн. Ақмолада жалпы сыйымдылығы 4,3 млн тонна болатын 66 лицензияланған астық қабылдау кәсіпорны және 2,9 млн тонна сыйымдылықтағы 1,5 мыңнан астам қойма жұмыс істеп келеді. Сағатына 9,7 мың тонна кептіретін

264 астық кептіргіші іске қосылып, тәулігіне 235 мың тонна астық кептіруге мүмкіндік береді.

Қазір егін жинауға 7 мыңнан астам комбайн дайын тұр, оның ішінде 4,8 мыңы – жоғары өнімді заманауи модельдер болса, сонымен қатар 2,7 мың орақ және 4,8 мың жүк көлігі іске қосылмақ.

Қазір облыс бойынша 1,275 млн тонна шөп (жоспардың 96,5 пайызы) және 99,3 мың тонна пішен (жоспардың 38,2 пайызы) жиналған. Жалпы жемшөп қоры 3,171 млн тонна көлемінде дайындалады. Бұл – қыста малдың толық әрі сапалы азықпен қамтамасыз етілуіне кепілдік бермек.

Биыл Ақмола облысының агроөнеркәсіптік кешеніне 233,5 млрд теңге көлемінде қолдау көрсетіледі. Оның 63,3 млрд теңгесі – қайтарымсыз субсидиялар. Жеңілдетілген несиелер мен форвардтық сатып алуларға 170 млрд теңге бөлініп, «Кең Дала», «Кең Дала-2» және «Ауыл аманаты» бағдарламалары арқылы жүздеген фермер қаржыландырылған.

Президенттің техника паркінің жыл сайын 8-10 пайызға жаңаруын қамтамасыз ету тапсырмасы да табанды орындалуда. Жыл басынан бері өңір шаруалары 39,8 млрд теңгеден астам қаржыға 1 115 бірлік техника сатып алды. Бұл былтырғыдан 1,4 есе көп.

Ақмола облысында да, жалпы ел көлемінде де Мемлекет басшысының Жолдауларында шегелеп тапсырған міндеттері нақты іс жүзінде орындалып жатыр. Қаржылық демеу, техникамен және жанармаймен қамту, егіс алқаптарын әртараптан-дыру, заманауи сақтау инфрақұрылымы – мұның бәрі биылғы жиын-терімнің сапалы әрі уақытында өтуіне мүмкіндік береді. Егін – елдің ырысы, ал оны жинау – мемлекеттің тұрақтылығы мен халқымыздың берекесінің кепілі болмақ...



Бұл жұмыстардың табысты болуы, ең алдымен, шаруаларды дер кезінде қажетті техникамен, жанармаймен және қаржылық қолдаумен қамтамасыз етуге тікелей байланысты екені сөзсіз. Биыл егін жинауға 139 мың трактор, 31 мың астық комбайны, 17 мың шапқыш және 130 мың басқа да техника жұмылдырылмақ. Қазір олардың жалпы дайындық деңгейі – 93 пайыз.

Диқандарға жеңілдетілген бағамен литрі 254 теңгеден 402 мың тонна ди-

беріліп отыр. Қаржыландыру алты бағыт бойынша жүзеге асырылады. Атап айтқанда, «Аграрлық кредиттік корпорация» акционерлік қоғамы, екінші деңгейлі банктер, микроқаржы ұйымдары, өңірлік инвестициялық орталықтар, кредиттік серіктестіктер және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар шаруаларға несиелік бағдарламаларын ұсынған.

Былыр Мемлекет басшысының тапсырмасымен алғаш рет егін егу мен

ДОДА

16 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Таиландтың Бангкок қаласында тарихи Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Додаға екі (U19 бен U22) жас санатында спортшылар қатысты. Құрамамыз жеті бірдей алтын қоржынға түсіріп, үздік қатарында екінші орынға бекіді.

Әсет ҚАЛИ

Құрлықтық біріншілік биыл алғаш рет Дүниежүзілік бокс федерациясының (World Boxing) ұйымдастыруымен өтті. Көптеген құрама додаға өздерінің үздік спортшыларын алып барып, жарыстың бәсекелестігін күшейтті десек болады. Соның нәтижесінде жарыс тартысты өтіп, күтпеген нәтижелер тіркелді.

Медальдар екі жас санатында сарапқа салынды. Бангкоктағы шаршы алаңға 19 және 22 жасқа дейінгі спортшылар шықты. Қазақстан құрамасы толық құраммен қатысып, ұзақ уақыт бойы дайындық жүргізді. Ерекше атап өтерлігі, жас қазақстандық боксшыларды Олимпиада чемпионы Бақыт Сәрсекбаев жаттықтырды. Айта кетсек, бұған дейін шешуші дайындық кезеңі Ыстықкөлде (Қырғызстан) өтті.

— Біз Ыстықкөлде оқу-жаттығу жиындарын өткіздік. Жиын барысында физикалық және техникалық дайындыққа ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар Қырғызстан ұлттық құрамасымен бірлесіп қарқынды жаттығу жұмыстары жүргізіліп, біркатар жаттығу жекпе-жектері өткізілген болатын.

Әр салмақта өткен жаттығу жекпе-жектерінің нәтижесінде ең үздік спортшылар іріктелді. Іріктелген боксшылардың барлығы Таиландқа аттанды. Азия чемпионатынан кейін қалыпқа келтіру шараларын өткізуді жоспарлап отырмыз. Себебі жарыс кестесі өте тығыз болды және жекпе-жектер ауыр өтті, — деді Бақыт Сәрсекбаев.

Спорт журналисі Аслан Каженовтің айтуынша, бұл жарыстар боксты дамыту жүйесіндегі кейбір олқылықтарды анықтауға, кемшіліктерді көруге және алдағы жұмыстарды жүйелеуге мүмкіндік берді.

— Соңғы бір жылды алсақ барлық құрлық, әлемдік жарыстарда жастар арасында жалпы есепте тек бірінші орын алып келдік. Қазіргі нәтиже, әрине көңілді көншітпей-

Тайландтағы

ТАРТЫСТЫ

ТЕКЕТІРЕС

МЕСТО	СТРАНА	●	●	●	●
#1	УЗБЕКИСТАН	15	9	7	31
#2	КАЗАХСТАН	7	9	6	22
#3	КИТАЙ	6	1	8	15
#4	ИНДИЯ	4	11	12	27
#5	ТАИЛАНД	4	1	3	8
#6	ЯПОНИЯ	2	0	3	5
#7	ИРАН	1	1	4	6
#8	ФИЛИППИНЫ	0	2	2	4
#9	ТАЙВАНЬ	0	2	3	5
#10	МОНГОЛИЯ	0	1	3	4
#14	ҚЫРГЫЗСТАН	0	0	2	2

ді. Жанкүйерлер тарапынан да кейбір орындар сындар айтылып жатыр. Жаттығу барысында балалардың шеберлігін шындау, тәжірибе толыстыруға қатысты біраз жұмыстар атқарылу керек екені байқалды. Бапкер құрамы оны ескерді. Екіншіден, төрешілердің кері әсер бергені де анық көрініп отыр. Аяқтан шалып, жеңістен шалған сәт көп болды. Бұл мәселелер алдағы уақытта реттеледі деп ойлаймыз. World boxing жаңадан құрылған ұйым болғандықтан, бұл олқылықтар заңды деп ойлаймын, — дейді ол.

Тортубек (60 келіге дейін), Бейбарыс Әшірбай (70 келіге дейін), Тимур Тайбеков (80 келіге дейін) және Нұрсұлтан Қыстаубай (85 келіге дейін) күміс жүлдені еншіледі. Ал Нұрсұлтан Шілдебай (75 келіге дейін) қола медальға қол жеткізді. Командалық есепте Қазақстан үшінші орынға жайғасты. Бірінші орында — Өзбекстан, екінші — Таиланд.

Дәл осы санаттағы қыздар арасында Құралай Егінбайқызы (80 келіге дейін) алтын медаль жеңіп алды. Күміс медаль Аяжан Ермекке (57 келіге дейін) бұйырды. Айым

Танкибаева (51 келіге дейін), Жанель Имантаева (54 келіге дейін), Алина Кудайгенова (60 келіге дейін), Акбота Есімбекова (65 келіге дейін) және Сабина Жаксылық (80 келіден жоғары) жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілді. Осылайша, Қазақстан құрамасы медальдық есепте төртінші орынға жайғасты.

— Жалпы, жігіттердің әлеуеттері жаман емес. Индивидуалды спорт болғаннан кейін кейбір салмақта мықты балаларымыз бар. Кейбіреуінде сәл тәжірибенің жетіспеушілігі бар. Алдағы уақытта ауызбіршілік, жүйелі жұмыс керек. Негізінде, осы жарыс үлкен сабақ болды, осылай болуы керек те шығар деп ойлаймын. Өйткені тек бірінші орында жүре бергеннен біз токмейісіп, өзімізге көңіліміз толып қалуы мүмкін. Осы тұрғыда шамалы сүрініп тұрғанда жақсы деп пайымдаймын. Жарыстың тағы бір ерекшелігі жаңа салмақтағы жекпе-жектердің болуы. Осы жағынан да жігіттеріміз жаңа салмақтарға икемделіп, жақсы өнер көр-

Ерлер арасындағы сайыста Қазақстанның Әнураны үш мәрте шырқалды. Чемпион атанғандардың арасында Нұрислам Қалдыбаев (60 келіге дейін), Санжарәлі Бегалиев (80 келіге дейін), Темірлан Мұқатаев (90 келіге дейін) көзге ілінді. Ал күмісті Илья Калинин (65 келіге дейін) мен Нұрбек Мұрсал (70 келіге дейін) жеңіп алды. Командалық есепте біздің құрама тек Өзбекстанға ғана жол берді. Үшінші орын Жапонияға бұйырды.

Спорт сарапшысы Айдос Рымқұл еліміздің төмен нәтиже көрсеткеніне бірнеше факторды тізбектеп айтып берді.

— Ең негізгісі екі турнирдің арасы тым жақын болды. Шри-Ланкадағы турнир мамыр айында болса, екіншісі тамыз айының басында болды. Спортшылардың пик формасы бәлкім осы мамыр айына келген шығар деп ойлаймын. Екінші фактор ретінде федерацияның жіберген қателіктерін айтуға болады. Шри-Ланкада өткен жарысқа үлкен күш жұмсап, жаңадан құрылған ұйым World boxing-тің ашуын тудырып алған сияқтымыз. Оған себеп Таиландтағы ұйымның вице-президенті болып Өзбекстан азаматының сайлануы болды. Қаншама елден мықты адам үміткер болса да, таңдамауында бір гәп бар. Үшіншіден, жарыс барысында төрешілердің өзбек боксшыларын алдыға сүйрегені әбден байқалды. Мықтылармен кездеспес үшін, қарсыластардың алдын тазалап отырды десем қателеспеймін. Жалпылама қарай-



сетті, — деп қорытындылады Аслан Каженов.

U22 санатында біршама елеулі жетістігіміз бар. Азия чемпионатының шешуші күнінде 22 жасқа дейінгі спортшылар бақ сынады. Бұл кезеңде қазақстандық боксшылардың нәтижесі айтарлықтай жақсарды. Әйелдер арасында Гүлназ Бөрібаева (48 келіге дейін) мен Бақыт Сейдіш (70 келіге дейін) алтын медаль еншілеп көңілімізді марқайтса, Шұғыла Нәлібай (75 келіге дейін) мен Әсел Тоқтасын (80 келіден жоғары) күміс жүлдені місе тұтты. Қорытынды есепте Қазақстан құрамасы үшінші орынға тұрақтады. Бірінші орын — Қытай, екінші — Өзбекстан.

тын болсақ, қазақ боксы техникаға икемделген, ал өзбек боксы жаппай төбелеске құрылған. Алайда төрешілер тең кездесудің бәрінен біздің жаққа бұрған жоқ, — деді спорт сарапшысы.

Жалпы алғанда, Таиландтағы Азия чемпионаты қазақстандық бокс үшін бір жағынан сынақ, бір жағынан сабақ болды. Жеті алтын — аз олжа емес, бірақ бұрынғыдай үстемдік көрсете алмау, төрешілік даулар мен дайындықтағы олқылықтар болашақта түзетуді қажет етеді. Бұл дода біздің жастардың әлеуетін, бірақ сонымен қатар жүйелі жұмыс пен халықаралық деңгейдегі ықпалдың да маңызды екенін айқын көрсетті.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРТАҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4630
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,